Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 35 (1090)

09.09.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

АУЫЛ ТЫНЫСЫ

АЖАРЫ КЕЛІСКЕН ЖАРЛЫӨЗЕК

БАЯҒЫДА ҮЛКЕНДЕР ЖАҒЫ КӨҢІЛІ ТҮСКЕН АДАМЫНА «МОЛДА БОЛ, БАЛАМ» ДЕЙТІН-ДІ. АЛ БҮГІНГІЛЕР ҮШІН МОЛДА СӨЗІ МОДАДАН ҚАЛЫП, БАСШЫ ЯКИ ӘКІМ СӨЗІ ҚАЛЫПҚА ЕНДІДЕ СЕК БОЛАТЫН ШЫҒАР-АУ. АЛАЙДА ӘРКІМНІҢ БІР ӘКІМ БОЛА АЛМАСЫ ТАҒЫ АНЫҚ. БІРАҚ ӘКІМ БОЛСАМ ДЕП АРМАНДАЙТЫНДАРДЫҢ ҚАТАРЫ КӨП. БОЛА АЛСА БОЛСЫН ДЕЙСІҢ ҒОЙ. ТЕК СОЛ ОРЫНТАҚҚА ЫЛАЙЫҚ БОЛСЫН ДЕҢІЗ.

ЖАРЛЫӨЗЕК ауылдық округінің халқы елді мекеннің барлық мәселесін ішінен біледі, шешеді деген үмітпен ауыл әкімі етіп Самат ИХСАНОВТЫ сайлапты. Себебі ол осы ауылдың түлегі. Өткен жылы ауыл әкімі сайлауына қатысқан оған елді мекен тұрғындары дерлік дауыс беріп, 98 пайызбен әкім орынтағына жайғасқан. Міне, сол, ел жақсы біліп, сыйлаған әкім мырза жуырда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған байқауда «Үздік ауыл әкімі» атанды. Жетісу облысы бойынша қатысқан 4 бірдей ауылдық округ әкімдері арасында оза шапқан ауыл әкімі байқау барысында өзінің жобалық жұмысын қорғапты. Жарлыөзек елді мекенінің тынысы мен ауыл басшысы туралы тұрғындар пікірін білуде үздік деп танылған әкімнің ауылына табан тіредік.

Көксу ауданы орталығынан 13 шақырымдай жерде орналасқан Жарлыөзек ауылдық округіне кіре берісте Самат Таңатарұлының суретімен бірге «Үздік ауыл әкімі» деген жазуы бар билборд ілініпті. Бұл ауыл халқының Жетісу облысының «Үздік ауыл әкімі» дәл осы Жарлыөзектің баласы атанғанына шын қуанғанын көрсетсе керек. Әкім суреті ілінген билбордты шық еткізіп суретке түсіріп алайық деп оңтайлана бергенде ақ түсті көлік келіп жол бойына тоқтай қалды. Сәйтсек ауылдың әкімі екен. Бейтаныс адамдарды көріп тоқтаған беті. «Ауыл маңында бөтен адамдар неге жүр екен?» деген ниетпен жөн сұрауды ұйғарыпты. Біз де әкім мырзаға келгендегі ойымызды айттық. Жүзінен парасатты байсалдылық ескен ел ағасы «*Жөн екен. Ауылды көзбен көріп, елмен сөйлесіңіздер, менің керегім болса әкімдікке келерсіздер*» деп көлігіне отырып кете барды.

Бұдан біраз жыл бұрын кез келген ауылдың көрінісі көңілге қаяу түсіретін-ді. Жайсыз жол, қараңғы көше, құлағалы тұрған үйлер қаладан келген қонақтардың көзіне жадағай болып көрінетін. Жұмысы жоқ жерде ешкімнің де қалғысы келмей, жастар кетіп қалып жататын-ды. Мал ұстағанымен оның да құны арзанға бағаланатын. Біз табан тіреген ауылдың бүгінгі тынысына қарап басқаша көзқарас қалыптасты. Жарлыөзектіктер ауылдарының ажары кіріп, қоныстанушылар саны көбейгенін, қаладан көшіп келушілер де бар екенін, сонымен қатар олар табыстың көкесі – ауылда екенін айтты.

Жалғасы 4-5-бетте

НЕГЕ?

ҚАНШАМА АТА-АНАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ ТӨГІЛДІ

«Балам» деп көз жасын төгіп, кеудесі қарс айырылған ана, іштей тынған әке. Оқыс оқиғаларға куә болып, балаларының тағдырына алаңдаған ел. Иә, бұл соңғы уақытта орын алып жатқан, жүрекке батқан қайғылы оқиғалардың бірі. Бейбіт күн, тәуелсіз елде орын алып жатқан оқиғаның шынайы бейнесі. Бұқараны дүрліктірген жайтта жұрттың пікірі екіге бөлінді. Оны әлі де талдап, талқыға салуда. Бұған кінәлілер кім? Жауапты адамдар қайда?

Елімізде қазір күзгі әскерге шақырту науқаны басталып, оған 18-27 жас аралығындағы барлық ер азаматты шақыруда. Алайда «баламды ешқайда жібермеймін», «әскерге алып кетіп, жазым қылмақшы», «мен жіберуге қарсымын» деген пікірлер әлеуметтік желілерде жазылып, ұлдарын әскерге жіберуге түбегейлі қарсы болған ата-аналардың қарасы көп. Рас, соңғы кездері әскери борышын өтеуге кеткен сарбаздардың өлім-жітімі жиілеп кетті. Ай сайын бірінің ізін бірі суытпай, қаншама отбасы қара жамылып отыр. Айта кетейік, жыл басынан бері қорғаныс және ішкі істер министрліктерінің оннан аса жауынгері қаза болды. Бірі бұл істі әскердегі қатаң тәртіпке жастардың шыдамайтынын айтса, бірі әлімжеттікпен байланыстырады. Қалай дегенмен осы мәселенің артында кімдер тұрғанын, кінәлілердің табылғанын әлі көрмедік. Тек қара жамылған отбасына әлеуметтік көмек көрсетіп жатқандарын байқадық. Сарбаздарды темірдей тәртіппен ұстап тәрбиелегенше дәл сондай ұстаныммен айыптыларды анықтауға болмас па еді?!

Еліміздің жарқын болашағы жастардың, елін, жерін сүйетін азаматтардың қолында. Біз сарбаздарды мықты қылу үшін әскери өмірді жан-жақты тексеріп, біржақты етуіміз керек-ақ. Ата Заңымызда «Адам өмірі мен бостандығы – ең басты қазына» деп жазылғандай, осы қымбат дүниелерге баса мән беруіміз қажет. Сарбаздардың сағын сындырмай, керісінше рухын көтеруге тиіспіз.

Жақында ғана Қазақстандық әскерилер арасында «Өмірінді сақта» бағдарламасы енгізілетіні жайлы хабарланды. Оның әскери қызметшілер қатарындағы жарақат алудың, өлім-жітімнің және суицидтік көріністердің алдын алуға бағытталғаны белгілі болды. Мемлекет басшысының араласып, бұйрық беруімен арнайы комиссия құрылды. Енді сол комиссияның жұмысынан нақты нәтиже күтеміз. Оқыс жағдай орын алмас үшін алдын ала тиісті шараларды баяғыдан қолға алу керек еді. Ол үшін қаншама ата-ананың көз жасы төгілді. Бүкіл халықтың қабырғасы қисайды. Неге?

А. НҰРЖАПАР.

АНДАТПА

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 3-бет

СІЗ КЕЛГЕЛІ БЕРІ...

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ 7-бет

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

ПОБЕДИТЕЛИ КОНКУРСА 10-стр.



НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА СТРАЖЕ БЕЗОПАСНОСТИ

ӘҢГІМЕ 13-бет

ТАСТЫҢ КҮҢГІРТ СӘУЛЕСІ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА КІТАП

«БЕЙСЕН ЖӘНЕ БОЛМЫС»

Тіл сарайында ҚР Мәдениет қайраткері, белгілі тележүргізуші Бейсен Құранбекке арналған «Бейсен және Болмыс» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Шарада белгілі журналистің өмірінен сыр шертілді. Келген қонақтар өздерінің естеліктерімен бөлісті.

Жинақта қазақ елінің біртуар перзенті, тірісінде аты аңызға айналған тележурналистика тарланы – Бейсен Абайұлы Құранбектің болмысы, кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегесі, өмірінде жазылған естеліктері, ақындардың арнау жырлары топтастырылған. Кітап біртуар тұлғаны құрметпен еске алушы қалың көпшілікке арналған. Өзінің қарапайымдылығымен, адами асыл қасиеттерімен қалың қазақтың есінде қалған ағамызға арналған туындының тұсаукесеріне кітап авторы Санжар Керімбай мен «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының өкілдері, облысымыздағы шығармашыл зиялы қауым, қаламгерлер, ағаның жары Гүлмира және бауырлары мен туғандары қатысты.

Кітаптың тұсауын ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, халық әртісі Алмахан Кенжебекова, Жазушылар Одағының мүшесі, журналист, ақын Нүсіпбай Додабайұлы кесті. Жинақ он мыңнан аса данамен шықан.

Шара барысында кітаптың авторы Санжар Керімбек туындының идеясы мен мазмұны жайлы баяндады. Оның айтуынша кітапта Бейсен Құранбектің болмысына, оның өнегелі өміріне жан-жақты талдау жасалған. Бұл оқырманға кітапты жай ғана оқып қоя салмай, ондағы айтылған ойдың астарын, салмағын түсініп, өзін тануға, Бейсенді тануға, болмысқа терең бойлауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ кітап авторы Бейсен Құранбектің ғибратты ғұмырындағы оқиғалар бүтін бір жас буынға тәрбие берерлік қасиетке ие деп санайды. Сондықтан болар танымал журналистің адамгершілік қасиетін үлгі етіп, оған еліктеп өсіп келетін балалар көп. Автор бұл ойын «Бейсен экзистенциялық тұрғыда тіршілігін жалғастырып жатыр» деп түйіндеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

КӨМЕК

100 ТОННАДАН АСТАМ АЗЫҚ–ТҮЛІК ЖӨНЕЛТІЛДІ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНАН ҚОСТАНАЙ ӨҢІРІНЕ 100 ТОННАДАН АСТАМ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӨНЕЛТІЛДІ.

Бірнеше күн бойы отандастарымызға Алматы облысының әкімдігі, еріктілер, жастар, кәсіпкерлер мен жанашыр азаматтар шетте қалмай, азық-түлікпен қатар, құрылыс материалдарын, жеке күтім құралдарын жіберіп отырды.

Фронт-кеңсенің басшысы Ерасыл Толымбекұлының айтуынша, Алматы облысының әкімдігі Қостанай облысының мекемесімен байланыста болып, гуманитарлық көмек жинаған.

Осындай қиын-қыстау сәтте қазақстандықтар ауызбіршілігін көрсетіп жатыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев зардап шеккендердің отбасыларымен жеке кездесіп, ешбір отбасы Үкімет назарынан тыс қалмайтынын айтты. Қостанай облысында зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі халық акциясын қолдай отырып Алматы облысы да өз үлесін қосуда.

Еске салайық, Қостанай облысының Әулиекөл ауданында орман өрті 2 қыркүйек күні басталды. Бірнеше ауылдан 1841 адам эвакуацияланды. Тілсіз жау 86 жастағы тұрғынның өмірін жалмады. 10 адам жарақат алды, оның төртеуі қазір ауруханада жатыр.

Қостанай облысында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орайластырылған салтанатты шаралар кейінге шегерілді. Өңірге Президент Қ.Тоқаев барды. Өрт болған елді мекен тұрғындарымен кездескен Мемлекет басшысы зардап шегушілерге үкімет екі айда бұрынғыдан да жақсы үй салып беретінін айтты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БӘРЕКЕЛДІ!

АЯҒЫ АУЫР КЕЛІНШЕКТІ КӨЛІКТЕ БОСАНДЫРДЫ

ТАҒДЫРЫ ҚЫЛ ҮСТІНДЕ ТҰРҒАН АНА МЕН БАЛАҒА КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗҒАН МАТАЙ АУЫЛДЫҚ АУРУХАНАСЫНЫҢ АКУШЕРІ ДИНАРА БЕЙБІТҚЫЗЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ДӘН РИЗА.

ОЛ 2016 жылдан бері талай ананы аман-есен босандырып, отбасына қуаныш сыйлады. Сонымен қатар жас маманның толғағы қысқан әйелдерді перзентханаға жетпей, жол үстінде босандырып алған сәттері аз емес. Сондай оқиғаның бірі жуырда орын алды. Осымен алтыншы мәрте тағы бір ана мен бала өміріне араша түсті. Талдықорғандағы облыстық перинаталдық орталыққа алып бара жатқан аяғы ауыр келіншекті қаладан келген жедел жәрдем-нің фельдшері Абылайхан Керімқұловпен бірге көлік ішінде аман-есен босандырып алды.

«Бұл 31 тамыз күні орын алған оқиға. Сол күні жүкті әйел ретінде есепте тұрған келіншек жұмыс уақыты аяқталар шақта хабарласып, толғағы басталайын деп тұрғанын айтты. Оның жағдайын ести сала дереу үйіне бардым. Бақылап көрген соң шұғыл түрде қалаға жеткізу керектігін түсіндім. Неге қалаға дейсіздер ғой. Өйткені ол порталмен қаладағы перзентханада босануы керек еді. Бірақ уақыты 9 қыркүйекке белгіленген. Жолдың нашарлығы әрі келіншектің шешімі бойынша өздерінің жеңіл көлігімен шұғыл түрде қалаға бет түзедік. Егінсу ауылына жетпей аудандық аурухананың акушер-гинекологы Амина Искаковамен келісіле отырып облыстан жедел жәрдем көлігін шақыртуды жөн деп таптық. Жол бойы келіншектің жағдайын Амина Төлеубайқызына хабардар еттім. Ол маған не істеу керектігін айтып, кеңес беріп отырды. Жедел жәрдем көлігімен қала маңындағы Қапал бұрылысында кездесуіміз керек еді. Алайда дәл сол жерде болмаса да асып барып жолықтық. Бірден келіншекті көлікке мінгіздік. Сөйтіп тез арада қалаға жеткенімізде, тоғызыншы ықшам ауданындағы Заңғар мейрамханасына қарамақарсы жолда кенеттен қатты бір соққы болып, жедел жәрдем көлігін басқа көліктің келіп қаққанын түсіндік. Көлік шайқалып кеткенімен біз келіншекті ұстап қалдық. Ал жедел жәрдемді қаққан көлік оқиға орнынан қашып үлгерді.

Мына жағдайдан соң келіншекті дереу босандырып алуға тура келді. Фельдшер Абылайхан Керімқұлов жанымда көмек беріп тұрды. Әйелді аман-есен босандырып, кіндігін кесіп, жолдасын түсірдім. Абылайхан болса ананың бұлшықетіне окситоцин екпесін салды. Осы тұста тағы бір жедел жәрдем бригадасын шақырып үлгердік. Олар жас босанған ана мен шақалақты және мені көліктеріне отырғызып облыстық перинаталдық орталыққа алып келді. Ондағылар ана мен баланың жағдайы жақсы екенін айтты. Өмірге салмағы 4 мың грамм, бойы 56 см. ұл бала келді. Ананың еш кінәратсыз босанғанын, жағдайы қалыпты екенін білген соң, облыстық дәрігерлерге тапсырып, үйге қайттым», – деп ағынан жарылған Динара Қуат бұл істі ерлік емес, акушердің міндеті деп білетінін айтады.



АҚСУ ауданындағы орталық аурухана қарасты Матай ауылдық жұмысқа адал, міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайтынын айтады. Мамандығына адалдық танытқан жан, сірә осындай болса керек-ті.

Егер сол күні жедел жәрдемді басқа көлік келіп қақпағанда, аяғы ауыр келіншекті көлікте босандырған ауылдық акушердің бұл ісі көзге түспес пе еді?! Қалай дегенмен, ана мен бала өмірінің арашасы болған бұл оқиға көпке үлгі.

С. ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ.
АҚСУ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

СІЗ КЕЛГЕЛІ БЕРІ...

КӨРЕСІНІ «СІЗ КЕЛГЕЛІ БЕРІДЕН» КӨРДІК ҚОЙ. АУЗЫ ҚИСЫҚ БОЛСА ДА, БАЙ БАЛАСЫ СӨЙЛЕСІН ДЕГЕНДЕЙ, БИЛІККЕ ОТЫРҒАНДАРДЫ ЖАППАЙ МАҚТАУ, МАДАҚТАУ ҮРДІСКЕ АЙНАЛЫП, ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТСЕ АРТЫНАН ИТ ҚОСЫП ҚУАЛАП ДАТТАУ, ҒАЙБАТТАУ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫНА СІҢІП, СҮЙЕГІНЕН ӨТІП КЕТТІ. ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ, ТУҒАНДЫ БИДЕ ИМАН ЖОҚ ДЕГЕН АТАЛЫ СӨЗ ӘДІРЕМ ҚАЛДЫ. ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН ДАЛАНЫҢ ДІЛМӘР ШЕШЕНДЕРІНІҢ АЙНЫМАС ҰСТАНЫМДАРЫ ҰЛТАРАҚҚА ТҮСІП КЕТТІ. ТӨРДЕ ОТЫРҒАН ТӨРЕГЕ ДЕ ТУРА СӨЙЛЕП, ЕЛДІҢ МҰҢЫН МҰҢДАП, ЖОҒЫН ЖОҚТАҒАН БАБАЛАРДЫҢ САРА ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ҰРПАҚТАРЫН БҮГІНГІ ҚОҒАМДА САУСАҚПЕН САНАП ТАБА АЛМАЙСЫҢ.

АҚСАҚАЛЫ ДА, КӨК САҚАЛЫ ДА КӨСЕМДІ КӨЛГІРСІП МАҚТАП, ШЕНДІ-ШЕКПЕНДІГЕ КІР ЖУЫТПАЙ «ЛӘППӘЙ ТАҚСЫР», «СІЗ КЕЛГЕЛІ БЕРІ...» ДЕГЕНДІ ШЫҒАРДЫ.

Сіз келгелі бері деген сөзді естісем дене-ме есекжем қаулап шыққандай, өне бойым дір ететін болды. Сіз келгелі бері көгердік, көктедік. Сіз болмасаңыз, Қазақстан деген мемлекет болмас еді. Сіздің көреген саясатыңыздың арқасында қазақтың аузынан ақ май ағып тұр. Жегені алдында, жемегені артында деп, отыз жыл экс-Президент Нұрсұлтан Назарбаевты мадақтадық. Елбасы деген атақ беріп, айдар тақтық. Түкірген түкірігін жерге түсірмей қағып алып, өзін әулие, сөзін кие тұтып, Қазақстанды сізден кейін басқарып кететін адам әлі туған жоқ, қане кімің бар айтыңдаршы деп жағынған жәдігөйлер өсті-өнді, дәулет жинады, балтырларын байпақ қысты. Олар халықтың мүддесін емес, жеке бастарының қызметтік мансабын ғана ойлады әрі бала-шағалары мен туған-туыстарының жағдайларын жасады. Қара халыққа ала көзбен қарады. «Тірлік жасаңдар, базарға барып арба сүйре, көше сыпыр, екі сиыр асыра» дегенді де Президентке айтқызды. Халық жалқау, алақандарын жайып, бер дегенді ғана біледі» деп тақта отырған тақсырға да жалған ақпараттар берді. Улапшулаған халыққа *«Шекараңды бекемдеп бекітіп берген кім? Көршілерде болып жатқан содыр-сойқан бізде жоқ. Құдайға шүкір, ол көреген басшының арқасында»* деп жауырды жаба тоқыды. Төренің алдында «шыбындаған жылқыдай басын шұлғып, сіздікі жөн, сіз болмасаңыз, сізден асқан көреген жоқ» деп жағыну, жалбарыну, жантық болу қазақты қасіретке алып келді. Осы қалыппен кете беретін болсақ, біз қайтіп ел боламыз? Отыз жыл экс-Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа Құдайдай табындық. Жасап жатқан реформасы дұрыс па, бұрыс па талғамай, таразыламай «құп-тақсыр» деп, биліктен кетем дегенде жібермей, етегіне оралып еркек басымызбен еңіредік-ау. Патша тақтан тайып еді тұқым-тұяғымен жемқор екен, көсегемізді көгертпеді, Қазақстанды, мемлекетті белшесінен қарызға батырды, соттау керек деп, ту сыртынан табалап жатырмыз. Барлық билік тармағын бір қолға шоғырландыруға мүмкіндік берген де өзіміз. Оны марқұм Заманбек Нұрқаділов билікпен бітіспей оппозицияға кеткенде, 1995 жылы Жоғарғы Кеңесті қалай таратқанын, Н. Назарбаевты қолдап жаңылғанын, жаза басқанын өзі мойындаған болатын. Елдің мүддесі еленбей, жердің қазба байлықтары ат төбеліндей байлардың қолында кететінін, жеке басқа табынушылықтың белең алатынын марқұм Заманбек Қалабайұлы білмеді емес, білді. Көрсе де көрмегендей болып жүрген ол жалтақ шенділердің, олигархтардың экс-Президентті қай бағытта алып бара жатқанын кеш білді. Туған-туыстарының, бала-шағаларының әдепсіздіктерін көріп, оларды билікке жолатпау туралы Елбасыға хат жазғанын да ашынып айтты. Бірақ, Заманбекті қолдап, қолпаштайтындар қоғамда аз болды. Өзі де биліктің құрбанына айналды. Мәселе бір ғана экс-Президентте ғана емес, қазақтың алауыздығында. Осы алауыздық, жағымпаздық, екіжүздділік, билік-құмарлық «алапес» ауруынан кем соқпай тұр. Адуынды ақсақалы жоқ елдің ертеңі де бұлыңғыр. Біздегі ақсақалдар кеңесі, ардагерлер үйі де биліктің астауынан жем жейтін, өздері де сол биліктен шыққан сары сүйек атан түйелер. Олар елдің сөзін сөйлемейді, биліктің барып кел, шауып кел дейтін шабарманы. Зейнетке шыққандардың иығына шапан жауып, баспадан шыққан кітаптардың тұсаукесерін қиып жүргенін көресің. Олардың қандай ардагер, ақсақал екендерін қаңтар оқиғасында көргенбіз. Ереуілдеген елге екі ауыз сөз айтуға жарамай, апанында алты ай ұйықтаған аюдай бастарын көтермей, көздерін ашпай, жатып алған-ды. Бірді айтып, бірге кеткендей болмайын, *«сіз келгелі бері» деген сөз тек Президентке қаратып қана айтылып жүрген жоқ. Облыстан бастап аудан әкімдеріне дейін арнап айтылатын жәдігөй жалқы ұранға айналды. Облысқа қай әкім келсе де, «сіз келгелі бері облысымыз гүл-гүл жайнап, экономикамыз қайнап, әлеуметтік мәселеміз әсерленіп, мәдениетіміз майланып»,* – деп мақтағанда аспандағы күн айналып, жерге түседі. Апыр-ай, жағынып-жалпақтаудың да шегі жоқ екен ғой деп, тісіңді тісіңе қайрап отырасың. Әкімге кір жуытпай мадақтаған әлгі пақырға, *«асыра сілтеп жібердің, басыңа не күн туды?» десең, «қол астында жүрмін ғой, оң көзімен қарасын, жел сөзді аяйсың ба атасына нәлет, қашанғы отырады дейсің, анау құсап бұда кетеді ғой»* дейді. Өзінің ерсі қылығына намыстанбайды. *«Қол астымдағыларға жағдай жасауым керек. Айташ, «так что» өз сөзім өзімдікі, заман солай бауырым»* дейді. Бұл шолақ белсендінің мақтау, мадақтауы да елеусіз қалмайды. Араға айлар немесе жыл салып, мекемеден мекемеге жоғарылап бара жатқанын көресің. Міне «сіз келгелі бері» деген сөздің түп тамыры қаншалықты тереңге бойлағанын көре беріңіз. Елдің мүддесі далада қалып, жеке басқа табыну, кешегі кеңестік дәуірден басталған идеология десек те, тәуелсіздік алған Қазақстанда отыз жылдың ішінде асқынғаны сондай, емі жоқ кеселге айналды. «Әу демейтін қазақ жоқ, атқа мінгені алты ауыз, түйеге мінгені төрт ауыз, өлең айтады» деген тәмсілге сүйеніп, экс-Президентте ақын болып шыға келді. Әнұранның сөзін өңдеді. Ол кесел облыс әкімдеріне жұғысты болды. Алматы облысын Шалбай Құлмаханов басқарғанда әкімдігімен қоса ақындығы, сазгерлігі қоса танылды. Өлеңнің иісі мұрнына бармаған облыс әкімінен ақын да, композитор да жасадық. «Бұларын не, тәйт ары!» деген әкімді көрмедік, керісінше қуанды. Елбасы ақын болып жатқан соң, әкімдер де қатардан қалмай ән шығарып, өлең жазды. Сіз келгелі бері мәдениетте де, әдебиетте де өзгеріс болып жатыр деп жалпақтадық. Бұдан асқан сорақылық бола ма? Халықты жолбарыс басқарса, халық та жолбарысқа айналып, қоян басқарса, халық та қоянға айналып кетеді екен. Сіз келгелі бері біз жолбарысқа айналып, жалымыз күдірейіп, айбаттанып кеттік деген жалпақтауды да керең болғыр құлағымыз естіді-ау. «Мұның артық енді, жалпақтамай-ақ қойыңыз» деп әкім болып сайланып, облысты жеті жыл басқарған Амандық Баталов та айтқан жоқ. Шатып-бұтып, екі ауыз қазақшаны әрең айтатын Амандыққа ақыл айтып, қазақша шүлдірлей беріңіз сіздің қолыңыздан келеді деп қазақшаға тілін сындырдық. Бір жақсысы, «Миымды ауыстырмасаңдар қазақша сөйлей алмаймын» деп тулаған Сыртқы істер министрі болған Ерлан Ыдырысовтай ашуланбады. Күліп қойып, «Стараюсь» деп отыратын. Мақтауға іші жылып, әр жиында жағынудан алдына жан салмайтын бұлбұлдарын сайратты. Екі ауыз қазақша сөйлесе «Вот қалай шешен сөйледі» деп лепірдік. Жолбарысқа балаған Амандық та «менде ақынмын, өлең жазамын, бірақ орысша» дегені бар-ды. Бірақ өзі жолбарыс болғанмен жолбарысқа айналған халықты көрмедік. Керісінше Баталовтың тұсында идеология іріп, шіріді. Қолғап ауыстырғандай кадрдың бірін алып, бірін қойды. Соңы, аяғы не болды? Заңсыз үлестірілген пәтерлердің былық-шылығы шығып, арты дау-дамайға ұласып, соттасып жатқан қалалық әкімдік пен пәтер даулаушылар жыры бітпей тұр. «Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылды» демекші, Амандық Баталов кетіп, оның жасап кеткен заңсыздықтарын Талдықорған қаласының жаңа әкімі Әсет Масабаев арқалап жүр. «Жаңа Қазақстан құрамыз», демократия болады. Қазба байлықтан қарапайым халық та үлес алатын болады деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев та «Сіз келгелі бері...» деген сөзден аулақ болса екен деймін ғой баяғы. Мақтаудан масайрап, көздерін шел басқандардың шыққан биігінен қалай құлап жатқандарын көрмей, білмей отырған жоқ. Шынайы шындықты қолдап, ащы сын айтылса шарт бүлінбей мойындап, қателігін дер кезінде түзесе, елдің арасына жиі шығып, аяғы шалмаған жер қалмаса, халықпен біте қайнаса өзі де, халқы да дән риза болса, одан артық Президентке де, оған сенім артқан облыс әкіміне де зор абырой бар ма? Бұдан артық марапат бола ма? «Сіз келгелі бері...» деп көздерін тарс жұмып алып, жалпақтайтын жәдігөйлерден іргелерін аулақ салып, лепіріп мақтағандарын тыйып тастаса, мемлекеттің мүддесі үшін мемлекеттік тілді өрістетіп, аралас мектептерді шектесе, шынайылық болса деп халық армандайды. Облыс, аудан әкімдері халықпен жиі-жиі кездесіп жүр. Шешімін таппай жатқан маңызды дүниелер де біртіндеп қалыпқа келер. Қазір қоғамда ақсап тұрған, асқынып кеткен мәселе ол идеология. Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев мырза осы салаға тереңірек зер салғаны жөн болар еді. «Сіз келгелі бері идеология тамырына қан жүрді» деп бір мадақтап қалатын едік.

Айтақын МҰХАМАДИ

ӘЛЕУМЕТ

КӘСІБІНЕН НӘСІП ТАПҚАН

Жыл сайын елімізде мемлекеттік бағдарламалар арқылы несие немесе грант ұтып алып, кәсіпкерлікке ден қоюшылардың саны артып келеді. Сондай бағдарлама арқылы кәсіп ашқандардың қатарында Мәншүк ТАНАБАЕВА да бар.

Ол 2500 000 миллион теңге қайтарымсыз қаражат алып, өңірде химиялық жолмен аяқ киім тазалау орнын ашты. Мамандығы бойынша бала тәрбиешісі болған Мәншүк Нұрахунқызы бұған дейін әр түрлі қызметпен айналысқанымен, аяқ киім тазалау ісіне қызығушылығы ерекше болған. Бастапқыда еш тәжірибесі болмаған ол бұл істі оңай меңгеріп, кәсіптің қыр-сырына қаныға бастағанын айтады.

– *Мемлекеттен қайтарымсыз қаржы алдым. Ол ақшаға Нұр-Сұлтан қаласына барып химиялық жолмен аяқ киім тазартатын италиялық аппарат сатып алдым. Бұрыннан аяқ киімдерді таза ұстағанды жақсы көремін. Қазақта сөз бар ғой, адам ең алдымен бас пен аяққа қарайды деген. Егер таза болса, ол адамның ұқыпты әрі жауапкершілікті екенін аңғартады. Кәсіпті қолға алмас бұрын толықтай зерттеп алдым. Оны өзім секілді жандардан барып үйреніп келдім. Басында жасыма қарап таңданғандар көп болды. Алайда ынта мен жігерің, ниетің болса кез келген істі дөңгелетіп әкетуге болатынын өз ісіммен көрсеттім деп ойлаймын,* – дейді шағын кәсіптің иесі.

Еуропадан бастау алған бұл кәсіп бүгінде барлық елде үлкен бизнеске айналған. Біздің де елде кең тарады. Әсіресе үлкен қалаларда кез келген сауда үйінің ішін-де осындай қызмет түрлерінің түр-түрін кездестіресің. Ал Талдықорған қаласында бұл алғаш ашылған қызмет түрі болып табылады.

Кейіпкер сөзінше, қазір тазартудың бұл түріне халықтың сұранысы артқан. Себебі қымбат қаржыға алған аяқ киімдерді тастағаннан гөрі, оны қайта өңдеп кию әркімнің бір көңілін қуантады әрі ақшасын үнемдеуге де тиімді.

Кез келген аяқ киім күтімі оның сапасына, материалына, тіпті, кейде шығарылған фирмасына да қарайды. Бағасы да өте тиімді. 1500 теңгеден басталып, 5500 теңгеге дейінгі аралықта көрсетілетін қызметті іздеп келіп жатқандардың қарасы көп.

Шағын кәсіптің иесі ендігіде – осы кәсіпті одан ары дөңгелетіп, аяқ киім тазарту қызметіне, қайта өңдеу, бояу қызметін қосуды көздеп отыр. Тек

оның барлығы біраз еңбек етуді талап ететінін сөзсіз. Сондай-ақ жанына өзі секілді жауапкершілікті сезінетін адам тауып, серіктес ретінде қызмет етіп, кәсібін кеңейтуді жоспарлауда.

Мұнымен қоса ол өз тапқан адал еңбегімен ойыншық сататын орын да ашыпты. Бұл дүкен қазіргі сәнге шығып жатқан ойыншықтар арқылы балалардың сұранысын арттырып отыр.

– *Ойыншықтар сату да өте жақсы кәсіп. Біріншіден оның сақтау мерзімі болмайды. Бүлініп, құртылып қалады деп те уайымдамайсың. Әрі келген тауарлар сол уақытта лезде өтіп отырады. Бүгінде балалар әлеуметтік желілерден көрген ойыншықтарын іздейді. Біз де соған қарай әрекет қыламыз*, – дейді Мәншүк Нұрахунқызы.

Еңбек етемін деген жанға еш қиындықсыз жұмыс табылады. Тек қана тер төгу қажет. Кейіпкеріміз Мәншүк апай да адал еңбегінің жемісін көріп отырғандардың бірі. Халыққа тиімді қызмет көрсетіп, кәсібінің нәсібін көріп отырған жанның әрі қарайғы ісіне біз де сәттілік тіледік.

Арайлым НҰРЖАПАР

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ТЫНЫСЫ

АЖАРЫ КЕЛІСКЕН

Жалғасы. Басы 1-бетте

Еңбегін еліне арнаған әкім

Гүлфия Маматаева, жеке кәсіпкер: – *ТҮЙІНІ тарқатылмай тұрған – газ мәселесі ғана. Жалпы ауыл жағдайы жаман емес. Самат Таңатарұлы әкім болып келгелі әр көшенің жолдары жөнделіп, жарықтандырылды. Ауыл балалары үшін үш бірдей ойын алаңы жасалынды. Әрбір үйге су тартылған. Одан басқа не керек. Жап-жақсы мектебіміз, амбулаториямыз да бар. Тұрғылықты халықтың басым бөлігі жермен айналысады. «Қыстың қамын жазда ойла» дегендей, тұрғындар жаз бойы тапқанын қыс бойы азық етеді.*

Көмекбай Асубек, зейнеткер: – *Ауылымыздың әкімі шынында да мықты ғой. Жақында ғана «Үздік ауыл әкімі» атанды. Кәсіби біліктілігі өз алдына, нағыз іскер азамат. Мен зейнеткерлікке шыққанша Бақтыбай ауылында тұрдым. Туған ауылыма қоныс аударғалы екі жыл ғана болды. Басқа ауылдармен салыстырғанда Жарлыөзектің жағдайы көш ілгері деуге болады. Көшелері асфальттелініп, жарық шамдар қойылған, су да бар. Ендігі газ келсе, өркениетке бет алған ауыл атанар едік. Ауылда еңбекқор адамдар көптеп шоғырланған. Халық әкімін, әкім әрбір тұрғынын жақсы біледі. Алдағы уақытта да ауылымыз одан әрмен ажарлана береді деген ойдамын.*

Ерғазы Буратай, ауыл тұрғыны: – *Бұл ауылда 1998 жылдан бері тұрып келемін. Одан бері қарай талай дүние өзгерді ғой. Соңғы жылдарда тіптен көркейіп, жанданып келеді. Ауыл әкімі өте жақсы азамат. Нағыз істің адамы. Әлбетте, әкімнің мойнына жүктелер жұмыс шаш етектен ғой. Ең ақыры әр үйдің айналасы шашылып жатса да таяқтың бір ұшы соған келіп тиеді емес пе?! Дей тұрғанмен, әрбір мәселені шешу жолында әкіміміз тұрғындармен жеке-жеке сөйлесіп, ортақ тіл табыса біледі. Қазір ауыл көшелері тап-таза, кешкі уақытта айнала жап-жарық. Қаладан кем емес деп айтуға болады.*

Жұмагүл Қадырақынова, еден жуушы: – *1993 жылы осы ауылға көшіп келгенбіз. Өзім мектепте еден жуамын. Жолдасым да жұмыс істейді. Екі баламыз бар. Ауылымызда барлық жағдай жасалған. Жылдан жылға гүлденіп келеді. Әкіміміз осы ауылдың баласы ғой. Сондықтан туған жерін көркейтуге барын салып келеді. «Үздік ауыл әкімі» атанып жатқандығы осы еңбегінің елеп ескерілгені деп білемін.*

Райымбек Биқан, ауыл тұрғыны: – *Жарлыөзекке көшіп келгелі жиырма жылға таяп қалды. Ауылдың күн санап жанданып келетінінде әкімнің зор үлесі бар. Самат Таңатарұлы халықтың жағдайын бірінші орынға қоятын тамаша адам. Осында тұрып жатқан көптеген қандас бауырларға жер алып беруге көмектесті. Әрдайым алдына бара қалсаң уақыт тауып, мәселеңді шешіп беруге тырысады. Еңбегін еліне арнаған әкім ғой. Сонысымен де «Үздік әкім» ретінде бағаланып отырған болар.*

Ғалия Мәлікқызы, Жарлыөзек ауылдық дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі: – *Амбулаториямыз 2011 жылы салынды. Ұжымда 14 адам бар: бір дәрігер, алты медбике қалғаны жай жұмысшы. Дәрігерлік тіркеуде 2075 адам тұрса, оның 515-і балалар.*

Ауыл халқының денсаулығын жақсарту жолында барлық жағдай жасалған. Есепте тұратын 515 адам болса, оларға тоқсан сайын тегін дәрі-дәрмек беріледі. Сонымен қатар күндізгі стационарда ем қабылдауға жа жағдай жасалған. Үш ауыл үшін екі жедел жәрдем көлігі бар.

Он алты жылдан аса уақыт осы салада еңбек етіп келемін. Ауылымыз жылдан жылға жақсаруда. Жолдың жайы, жарық, су мәселелері толығымен шешімін тапты. Округке Бозтоған, Мұқаншы деген ауылдар кіреді. Осы үш ауылдың әрқайсында стадион салынды, округ орталығында Ауған соғысы ардагерлерінің саябағы ашылды. Айта берсек ауыз толтырып айтуға тұрарлық істер атқарылып келеді. Жақында ғана әкіміміз «Үздік ауыл әкімі» атанды. Бұл ауыл түтінінің түзу шығып жатқандығының айқын бір көрінісі деуге болады.

АУЫЛДАҒЫ «Балдырған» бөбекжай балабақшасы да ғажаптығымен таңдай қақтырды.

Қарақат Аманбаева, балабақша меңгерушісі: – *75 орындық «Балдырған» бөбекжай балабақшасы 2010 жылы күрделі жөндеуден өтіп, қолданыс-қа берілген. Балабақшада 27 адам еңбек етеді. Жалпы ауыл бойынша 6 жасқа дейінгі 250 бала бар, соның 75-і біздің балабақшада, 25 бала шағын орталықта. Жалпы, 95 бала қамтылған.*

Аманжол Нұрпейісов, Жарлыөзек ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы: – *Осы ауылда туып-өстік, қазіргі күнге дейін еңбек етіп келеміз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген ғой қазақ. Самат баламыз әкім болғалы ауылымыз жақсы жағынан өзгерді. Еңбек жолын агроном болып бастап, біраз жыл әкімдікте маман болып қызмет етті. Одан кейін Мұсабек ауылында әкім болды. Содан өткен жылы сайлауға қатысқанда Жарлыөзек тұрғындарының 98 пайызы дауыс беріп, әкім болып тағайындалды. Ол келгелі бері талай жұмыс атқарылды. Сыртта жүрген азаматтармен де тығыз байланыс орнатқан. Соның арқасында ауылымызда мешіт бой көтерді. Оның салынуына мұсылман дінін қабылдаған Венера Хан атты азаматша мұрындық болды. Сондай-ақ ауылдан шыққан кәсіпкер Асқар Жолтабаров 250-300 адам сиятындай етіп қатымхана салып берді. Бұдан өзге де атқарылып жатқан шаруалар шаш етектен. Әркідік ауыл ақсақалдарымен жиі кездесіп, ақыл-кеңесін сұрап тұрады. Мұнымен қатар ауылдың ұжым басшыларымен де тығыз байланыс орнатып, қандай істі болмасын бірігіп шешуге ден қойған. Тынымсыз еңбегінің арқасында «Үздік ауыл әкімі» атанып отыр. Ауыл халқы оның әр ісіне сүйсініп, ризашылығын білдіруден жалыққан емес. Ары қарай да ісі алға баса берсін дейміз.*

Надежда Семкина, зейнеткер: – *1965 жылдан бері Жарлыөзекте тұрамын. Он екі баладан 26 немере, 10 шөбере сүйіп отырмын. Үш ұлым «Жамбай» шаруа қожалығында механизатор болып еңбек етеді. Бұрынғыдай емес, ауылдың жағдайы көш ілгеріленді. Ал, әкім туралы не айтуға болады? Оның жұмысына тұрғындар дән риза. Өте орнықты әрі іскер азамат. Халықпен етене жақын араласады. Сұрағаныңды тәптіштеп тұрып түсіндіріп береді. Ауылымызда жасалып жатқан шаруаның бәрі соның еңбегінің арқасы деп айтамын. Біз өзгелердей жолдың жырын жырламаймыз. Себебі ауыл жолдарының бәріне асфальт төселіп, түнде көшелерімізде шам*

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ТЫНЫСЫ

ЖАРЛЫӨЗЕК

жарқырап тұрады. Егер әкім болып осы орынтағында отыра берсе, ауыл ажары бұдан бетер жақсара берері сөзсіз.

Ел ішінде «Әкім» сөзіндегі төрт әріп «әділдік, кішіпейілділік, іскерлік, мейірімділік» атты төрт ұғымды білдіреді деген пікір бар. Жұртшылық жағы билік тізгіні сеніп тапсырылған лауазым иелері бойынан осындай қасиеттерді көргісі келетіні анық. Осы бір талап үдеден көрініп, абырой-беделге бөленгендердің қатарына ілігудің өзі неге тұрады, білгенге?! Ал, Жарлыөзек ауылдық округінің әкімі осы бір талап үдеден шығатындардың санатынан болып шыққаны шын қуантты. Тұрғындардың ауыл

жайындағы, әкімі туралы оңды пікірлерін білген соң «Үздік ауыл әкімі» атанған басшының өзіне жолығудың да реті туды.

Басты мақсат – сенімді ақтау

– АУЫЛ тарихында жергілікті азаматтардан елді мекенді басқару ісіне, яғни, әкім болуға ешкім бара қоймапты, – деп бастады әңгімесін Самат Ихсанов. – *«Туған жерге туынды тік!» демекші, ауылымның көркейіп, өркендеуіне, экономикалық дамуына үлес қосу, ауылыма басшы болсам деген бала кезден бергі іште бүгіп жатқан ойлардың бірі болатын. Жергілікті халықтың бірауыздан да-уыс беріп, мені әкім ретінде сайлауы ішкі ойдың шын мәнісінде жүзеге асуына себепші болды. Мен үшін «әкім» деген – халық пен мемлекет арасындағы алтын көпір. Яғни, мемлекеттен беріліп жатқан кез келген көмек, жеңілдіктерді, несиелерді елге жеткізе білу тікелей міндетім деп білемін.*

Осы ауылда туып-өскендіктен бар мәселесімен таныспын. Сондықтан бір орында отырып, шаруаны телефон арқылы шешуді жөн көрмеймін. Қай мәселенің болса да, басынан табылып, сол жерде елмен бірге ақылдасып шешкен әлдеқайда тиімді. Әкім екенмін деп жұмыс бөлмемнен шықпай отырсам, шаруа шала шешілетіні анық. Қабылдауымда да адам көп. Әрқайсысының өз шағымы, өз мәселесі мен мұңы бар. Олар маған сенім артты. Ал сенімді, үмітті ақтау қаншалықты маңызды екендігін өздеріңіз де білетін боларсыз, – деп ақтарылған әкім ауылда атқарылып жатқан жұмыстарға да кеңінен тоқталды.

Оның сөзінше жері шұрайлы, топырағы құнарлы елді мекен тұрғындары негізінен егіншілікпен айналысады. Округте үш мыңдай халық, 500-ден астам түтін бар.

– Қазір ауылдан қалаға көшіп жатқандар көп қой. Бізде керісінше, үйлер салып, қаладан ауылға көшіп келіп жатқандар қарасы көбейді. Бұл үйлер қаладағыдан кем емес. Мұның бәрі ауылда тіршіліктің бар екендігінің белгісі дер едім. Жермен, малмен айналысып жатқандар қатары артып келеді», – дейді Самат Таңатарұлы.

Әкімнің айтуынша, ауылда көпбалалы отбасыларына да барынша жағдай жасалған. Мәселен, мемлекеттің арнайы бағдарламасымен өткен жылы 5 отбасына үй алып берілсе, жағдайы төмен тағы 5 отбасы «Қарекет» қоры арқылы баспанамен қамтылған. Сонымен қатар көпбалалы отбасылардың балаларына «Мектепке жол» акциясы аясында ауылдағы шаруа қожалықтарының көмегімен қажетті киім-кешегі мен құрал-жабдықтары алынған. Жыл сайын осындай жұмыстар атқарылып келеді.

АУЫЛДА үш бірдей жауапкершілігі шектеулі серіктестік бар екен. Атап айтсақ, «Балпық би», «Солтанбай батыр», «Қыдырәлі». Сонымен қатар 264 шаруа қожалығы бар. Негізгі өндіретіндері қант қызылшасы, соя мен жүгері. Мал басы да жыл сайын өсіп келеді. Өткен жылмен салыстырғанда 100 пайызға көбейген. «*Былтыр 1960 бас жылқы болған, биыл 3800 басқа артты. Ірі қараның өзі 2800 болса, биыл 5500 басқа, яғни, екі есе көбейді*», – деген ауыл әкімі адамдар жермен, малмен айналысудың артықшылығын түсінгенін айтады.

Ауыл әкімдерінің сайлауына қатысып, тұрғындардың басым дауысына ие болған Самат Таңатарұлы бір жылда елді мекеннің еңсесін тіктеп, көшелерін абаттандырып, әр шаңырақтың әл-ауқатын арттыратын арнайы жоба құрастырды. Қолынан іс келетін әкімнің Жаңа Қазақстан кезінде де жаңаша жұмыс жасайтынына елі сенім артып отыр.

Әкіммен әңгімелесуде оның ауылына деген құрметінің ерекше екенін аңғардық. Ал мұны сөзімен де, ісімен де дәлелдеп жүргенін жергілікті жұрт жақсы біледі.

P.S/ Ауылдың ажарлануы – адал еңбектің, адал ниеттің жемісі ғой. Бұрынғы кезде ауыл тұрғындары бауыр басқан туған жерін тастап үдере көшсе, бүгінде бар қиындық біржола артта қалғандай сезілді. Ең бастысы жарлыөзектіктер газ келетін күнді асыға күтіп жүр. Егер көгілдір отын игілігін көрсе, күл шығару машақатынан да құтылып, нағыз өркениетті ауыл боларына шүбә жоқ. Ал барлық шаруаға мұрындық болып келетін ауыл әкімі Самат Ихсановтың жұмысына ауыл халқының айтары тек – алғыс қана.

Сарби ӘЙТЕНОВА
ТАЛДЫҚОРҒАН-ЖАРЛЫӨЗЕК
КӨКСУ АУДАНЫ

Дүйсенбі - Понедельник, 12 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.05 «Жәдігер»
06.25, 03.35 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.45 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
11.00, 19.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.20 «Өмір көркем»
13.10 Т/х «Аяла»
14.10 «Апта»
15.15, 03.10 Арнайы жоба
15.35, 00.35 «Мерейлі отбасы»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ашық алаң»
21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
00.45 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?-2»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.40 М/с «Мишки-братишки. Снова вместе»
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Никогда не сдавайся-3»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Сериал «Капитанша»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
08.45 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 «Іңкәр сезім»
13.40 Х/ф «Замуж в 30»
16.00 Т/х «Мариям»
17.00, 02.45 «Жұмбақтаймс»
17.40 «Кішкентай келін»
19.15 Т/х «Күлпәштің хикаялары»
20.00 «Astana Times»
21.00 Т/х «Дастан»
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
01.40 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00, 04.25 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «И все-таки я люблю...»
13.00 «Ветреная женщина»
14.10, 02.55 Новости
14.20, 03.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.00 Басты жаңалықтар
19.00, 03.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Невский.Охота на архитектора»
01.05 Х/ф «Золотая орда»
02. 00 Сериал «Хиромант»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 «Жимаудың жетістігі»
09.00 Х/ф «Испытание-2»
11.00 Х/ф «Күшік құдаквартиранты»
13.00 Х/ф «На твоей стороне-2»
16.00, 02.30 Т/с «Өкініш»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
19.30, 04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Клятва врача»
23.50 Х/ф «Метод Михайлова»
01.50 Х/ф «В плену у прошлого»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «QR.kz»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
06.30, 05.00 «Ризамын»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00 Мультсериал
10.30 «Маша и медведь»
11.00, 11.30 Сериал «Сеня-Федя»
12.30 Кино «Осторожно, корова!»
15.20 Х/ф «Агент Коди Бэнкс»
17.30 Х/ф «Я, робот»
20.00 «Информбюро»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Хитмэн:Агент 47»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
04.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Гром среди ясного неба»
13.40 «Ата-ана.Бала-шаға»
14.10, 22.00 Сериал «Маэстро»
15.30, 01.20 «Гадалка»
16.10, 00.20 «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
23.20 «Отыңды өшірме»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Открылось наследство после смерти Бөден Шерікхана, умершего 13 мая 2022 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, в срок до 13 ноября 2022 года.

Сейсенбі - Вторник, 13 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 04.00 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
11.00, 19.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10, 17.15 «Қызық екен»
15.15 «Әйел әлемі»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.20 «1001 түн»
00.40 «Мерейлі отбасы»
00.50 Футбол
03.00 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?-2»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Капитанша»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 «Іңкәр сезім»
13.40 «Айтарым бар»
14.50, 01.40 Сериал «Условия контракта»
16.00 Т/х «Мариям»
17.00, 02.45 «Жұмбақ таймс»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.15 Т/х «Күлпәштің хикаялары»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00, 04.25 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «И все-таки я люблю...»
13.00 «Ветреная женщина»
14.10, 02.55 «Новости»
14.20, 03.05 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.00 Басты жаңалықтар
19.00, 03.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Невский. Охота на архитектора»
01.05 Т/с «Золотая орда»
02.00 «Хиромант»

КТК

07.05, 19.30, 04.30 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Жимаудың жетістігі»
09.00 Сериал «Испытание-2»
10.00, 21.40 «Клятва врача»
12.00, 23.50 Сериал «Метод Михайлова»
14.00 «На твоей стороне-2»
16.00, 02.30 Т/х «Өкініш»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
20.00, 03.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
01.50 Т/с «Ч плену прошлого»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.55 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
14.00 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.30 Сериал «Ханшайым»
10.00, 10.30 Мультфильм
11.40, 12.40 Сериал «Сеня-Федя»
13.40 Х/ф «Агент Коди Бэнкс»
15.50 Х/ф «Агент Коди Бэнкс-2»
18.00 Х/ф «Хитмэн: Агент 47»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Доьро пожаловать в рай»
01.210 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp?
02.30 Сериал «Базарбавтар»
03.30 Әзіл студио
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.00Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Т/с «Гром среди ясного неба»
13.40 Т/х «Ата-ан.Бала-шаға»
14.10, 22.00 «Маэстро»
15.30, 01.20 «Гадалка»
16.10, 00.20 «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
23.20 Т/х «Отыңды өшірме»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 14 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 04.00 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
11.00, 19.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10, 17.15 «Қызық екен...»
15.15 «Тіршілік»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Өмір ызғары»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарламасы
00.40 «Мерейлі отбасы»
00.50 Футбол
03.00 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?-2»
06.00,17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 Тікелей эфирде «Оян»
10.00 «В фокусе»
10.30 Мультсериал
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Капитанша»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Жетім жүрек-2»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 «Іңкәр сезім»
13.40 «Айтарым бар»
14.50, 01.40 Сериал «Условия контракта»
16.00 «Мариям» т/х
17.00, 02.45 «Жұмбақ таймс»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.15 Т/х «Күлпәштің хикаялары»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.00, 04.25 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «И все-таки я люблю»
13.00 Мелодрама «Ветреная женщина»
14.10, 02.55 «Новости»
14.20, 03.05 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайқ»
18.30, 04.00 «Басты жаңалықтар»
19.00, 03.15 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал «Невский. Охота на архитектора»
01.05 Ночной кинотеатр «Золотая орда»
02.00 «Хиромант»

КТК

07.05, 19.30, 04.30 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
09.00 Мелодрама «Испытание-2»
10.00, 21.40 Мелодрама «Метод Михайлова»
14.00 «На твоей стороне-2»
16.00, 02.30 Т/х «Өкініш»
17.30 «Құпия қобдиша»
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
01.50 Мелодрама «В плену у прошлого»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Сегодня»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.50 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00 «Маша и медведь»
10.40, 11.40 «Сеня-Федя»
12.40 Х/ф «Агент Коди Бэнкс-2»
14.50 Х/ф «Добро пожаловать в рай»
17.20 Х/ф «Вратарь галактики»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Жажда скорости»
01.30 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
03.10 « Әзіл студио»
03.40 «1001 әзіл»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 02.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.20 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
10.00, 19.30 Сериал «Гром среди ясного неба»
13.40 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
14.10, 22.00 Сериал «Маэстро»
15.30, 01.20 «ГАДАЛКА»
16.10, 00.20 Сериал «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
23.20 «Отыңды өшірме»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗДА ОЙЛАҒАНДАР ЖЕР ҚАРА, КҮН ЖЫЛЫДА ОТЫН-СУЛАРЫН ҚАМДАП, ОТ ЖАҒАТЫН ПЕШТЕРІНІҢ АРНАЛАРЫН, МҰРЖАЛАРЫН ТАЗАЛАП, ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА САҚАДАЙСАЙ ОТЫРАДЫ. БҰЛ ӘСІРЕСЕ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЛАРЫНДА ТҰРАТЫН ТҰРҒЫНДАР ҮШІН АСА ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢ. КҮНІ КЕШЕ ҒАНА ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ӘСЕТ МАСАБАЕВ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНА ЖӘНЕ ҚАТТЫ ОТЫН ҚОРЫН ҚОЛДАНАТЫН ТҰРҒЫНДАРҒА ҚАЗАН-ҚАРАША АЙЛАРЫН КҮТПЕЙ, ЕРТЕРЕК КӨМІР ТҮСІРІП АЛУҒА КЕҢЕС БЕРГЕНДІ. ҚАЗІР КӨМІР ҚОРЫНЫҢ ҚОЙМАЛАРДА ЖЕТКІЛІКТІ ЕКЕНІН, ӘРІ БАҒАСЫ ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БАҒАДА, ТЕК МҰНДА ТАСЫМАЛДАУ ҚҰНЫ КІРМЕЙДІ ДЕГЕН-ДІ.

«Айтқан ауызда жазық жоқ». Қылышын сүйретіп қыста келіп қалды. Үш ай тоқсан қоңыр күзіңіздің өзі қазан айларынан бастап күрт салқындай бастайды. Жауын-шашынды, қара суық өңменіңнен өтетін мезгіл де иек астында тұр. Күз мезгілі мен көктемнің алғашқы айы наурызды қосқанда алты ай, от жағып жылыту маусымы аяқталғанша, Төтенше Жағдайлар Департаментіне де тыным жоқ. Жаз маусымында суға шомылу мен дала өрттерінен қорғанудың жолдарын айтып тыным таппаса, күз бастала салысымен жеке тұрғын үй секторларын аралап, газдан, көмірден келетін қауіп-қатердің алдын алып, жеке тұрғын үй секторларын аралайды. Жасыратын несі бар, қарапайым тұрғындардың басым көпшілігі өрт қауіпсіздігін ескере бермейді. Жылыту пештерін, мұржаларын тазалауды қаперлерінен шығарып алады. Ал оның салдары газға, түтінге уланып, өртке ұласып, арты қайғылы оқиғаларға ұласып жатады. Жылыту кезеңіндегі өрттердің көп бөлігі тұрғын үй секторының үлесіне тиеді. Өрт салдарынан адамдар оттан және улы газдан қаза табады және жарақат алады. Ең өкініштісі «*Қаза тапқандардың арасында балалар да кездеседі»,* - дейді Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз өкілдері. -*Тұрғындардың тұншықтырғыш газбен улануының негізгі себептері пеш конструкциясындағы бітелген түтін мұржасы, күйімдер, жарықтар болып табылады. 2021-2022 жылдары жылыту маусымының барлық кезеңінде облыста тұрғын үй секторында 140 өрт орын алды. Соның салдарынан 5 адам қаза тапты және материалдық залал келтірілді. 2022 жылғы 15 тамыздан бастап Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері тұрғын үй секторындағы халықты және жеке секторда тұратын басқа да санаттағы азаматтардың тұрғын үйлерін аралауды бастады. Бұл іс-шаралардың басты мақсаты халыққа тұрмыстағы өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптарын жеткізу болып табылады. Бүгінгі күні тұрғын үйлерді жылыту кезеңіне дайындау мақсатында аралау және хабарлама тапсыру жұмыстары атқарылуда. Күн сайын осы кезеңде Жетісу облысының ТЖД қызметкерлері тұрғын үйлерді аралау арқылы 2022-2023 жылдарға жылыту маусымына дайындық бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізуде. Онда пешпен жылытудың жай-күйі мен дайындығы туралы тұрғындарға түсіндіру әңгімелері жүзеге асырылуда,*-дейді. Айтса айтқандай-ақ төтеншеліктер халыққа өрт қауіпсіздігі жайлы жыл, он екі ай жақтары талмай айтып келеді. Бұл тек жылыту маусымына ғана қатысты емес. Әсіресе жеке тұрғын үйлерде тұратын тұрғындардың үйлерімен қорақопсысы өте жақын болғандықтан мұржадан шыққан ұшқынның қора төбесіне жиналған шөпке түсуі немесе ескі үйлердегі электр желілерінің тұйықталуы, оларды дер кезінде ауыстырмаулары, пешке от жаққанда қауіпсіздік шараларды елемеуінен өткен жылы жылыту маусымында 140 өрт болғанын ескерсек, бұл қауіп биыл да қайталануы бек мүмкін. Жетісу өңірі кезең-кезеңімен көгілдір отынға көшіп келеді. Бұл үрдіс Талдықорған қаласы мен Көксу, Ескелді аудандарын да қамтуда. Одан бөлек, жеке тұрғын тұрмақ көп қабатты үйлерде әлі күнге дейін газ

балондарын қолданатындар баршылық. Ал оның да, қауіп-қатері басым. Мәселен, шілде айында Талдықорған қаласында «Көктем» ықшам ауданындағы көппәтерлі тұрғын үйде оқыс оқиға орын алған-ды. Көршілер алтыншы қабаттағы пәтерлерден газдың исін сезіп, мамандарды шақыртқан. Жедел жеткен төтенше жағдай департаментінің қызметкерлері құбырдағы газды тоқтатып, балкон арқылы кіріп, кереуетте газбен улану белгілері бар 1985 жылғы ес-түссіз жатқан ер адамды құтқарып, жедел жәрдем арқылы ауруханаға жеткізген. Оқиға орнын тексере келгенде құтқарушылар пәтердегі табиғи газдың шүмегі толықтай жабылмағаны анықталған. Міне абайсыздықтың кесірінен табиғи газдан бір адам уланып, бақилық бола жаздаған. Қайта дер кезінде көршілер газдың жағымсыз исін сезіп, дабыл қаққан. 2019 жылы наурыз айында Алакөл ауданы Үшарал қаласындағы жер үйде пештің дұрыс жанбауынан жеті адамға ыс тиіп уланып, оқиғадан отбасының 57 жастағы тұрғыны қайтыс болған-ды. Мән жайды жіті тексерген мамандардың айтуынша газдан уланып қалудың басты себебі – мұржаның күлге толып, бітеліп қалуынан болған. Өрт қауіпсіздігіне немқұрайлы қараудың салдарынан от басында адам шығынына жол берілген.

Жалпы ТЖД мәліметтеріне зер салсақ, 2022 жылы ақпан айында 135 өрт тіркелген. Соңғы үш жылда Алматы облысында 48 адам түтінге уланып қайтыс болды деген ақпаратты ғаламтордан көзіміз шалды. 2020 жылы Талдықорған маңындағы Еңбек ауылында табиғи газға қол жеткізе алмаған бір отбасының төрт адамы көмірге уланып, түгелдей қайтыс болса,

Ал жуырда ғана Талдықорғанның жанындағы Еңбек ауылында табиғи газға қол жеткізе алмаған бір отбасының төрт адамы көмірге уланып қайтыс болды. Дәл осы жылдың қыркүйек айында Кербұлақ ауданының Сарыөзек кентіндегі жекеменшік тұрғын үйде жылыту қазандығы жарылып, үйдегі 2 шаршы метр аумақта

көмірмен жанатын пеш пен қабырға жарым-жартылай қираған. Күйік шалып, жарақат алған үйдің иесі, 1963 жылғы әйел мен 1985 жылғы ер адам ауруханаға жеткізілген.. Алдын ала нұсқау бойынша, жарылысқа себеп – көмірмен жанатын пешті пайдалану ережелері бұзылған. Қазандықтың ішінде су болмаған. Ағымдағы жылдың қаңтар айының басында Талдықорған қаласына қарасты Сары-Арқа саяжай қоғамында, Садовая көшесінің №8 «А» жеке тұрғын үйінде пештің ақаулығынан қатты отынмен уланып, үш адам қаза тапқан. Оның ішінде екі бала, бір адам ауруханаға жатқызылды, – деген ақпаратты жыл басында «taldykorgan-online.kz» таратқан болатын. Жылыту маусымы жақындаған сайын Жетісу, облыстық Төтенше Жағдайлар Департаменті қызметкерлері, халықпен ашық өзара іс-қимыл жасау мақсатында адамдар көп жиналатын орындарда, атап айтқанда, сауда-ойын-сауық орталықтарында өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Бүгінгі күнге дейін жалпы алғанда, 5 мыңнан астам азаматқа нұсқау беріліп, өртке қарсы тақырыпта 7 мыңнан астам жадынамалар мен бүктемелер таратылған. Осы заң бұзушылықтардың ішінде халықтың шамалы бөлігі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағаны анықталған. Осыған байланысты Жетісу облыстық ТЖД тұншықтырғыш газбен уланудың қайғылы салдарын болдырмау үшін үй ішіндегі қабырғалық түтін арналарын тексеру, сондай-ақ, пештің көмейін, мұржасын, ондағы жиналып қалған күйелерді мезгіл-мезгіл тазалап отыру, түтін мұржасының тартымдылығын ұдайы тексеру қажетігін ескертеді. Бұл қағида жеке тұрғын үй секторларындағы тұрғындарына қарап айтылғанмен көгілдір отынмен жылитын жеке секторлар мен көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындарына да, газ құбырларына абай болуы қажет. Оны қолданар кезде, кранды ашып-жабу сәтінде құбырдағы газдың тығыздығын естен шығармаулары тиіс. Әрі газ пештерінде арнайы мамандарды шақыртып, тазалағандары абзал. Басқа-басқа, газ құбырлары мен түтікшелерінде сызаттар болмауын қадағалап, газдың шүмегін толықтай жаппаса, одан иіс шығып «Көктем» ықшам ауданындағы оқыс оқиға қайталануы бек мүмкін. «Құдай да, сақтанғанды сақтайды». Жетісу тұрғындарына Төтенше Жағдайлар қызметкерлерінің айтар және қояр талабы өрт қауіпсіздігіне өте мұқият болғандары дұрыс. Әсіресе, жеке тұрғын үй секторындағы тұрғындар от жағу маусымына дейін пештерін, мұржаларын, түтін жүретін қабырға арналарын толықтай тазалап алғандары жөн. «От та тілсіз жау» ақау болса үйді отқа орап қана қоймай, алаңсыз ұйықтап жатқандарды шарпиды, болмаса, түтінді газға уланып қалады. Бұл орайда өрімдей балалардың ғұмыры қиылып жатқаны аса өкінішті. Сондықтан өрт қауіпсіздігін жетісулықтар естен шығармаулары керек. Сондай-ақ үлкен сауда үйлері мен ойын сауық, адамдар шоғырланып жүретін мекемелер мен тауарлар қоятын контеинерді электр желілеріне аса қырағылықпен қарағандарын қалаймыз дейді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жетісу облысында жылыту маусымына дайындық жұмыстары басталды.

АЙТАҚЫН БҰЛҒАҚОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПІКІР

ЗҰЛМАТ

Биыл 2022 жылдың 24 маусымы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің құрметті қонағы ретінде Санкт-Петербургтегі Халықаралық экономикалық форумында үлкен сахнада бірге отырды. Бұл пленарлық отырыста Ресей басшысына бұрын соңды ешкім айта алмаған батыл пікірді білдірді.

Насихатшы Маргарита Симоняннның Ресейдің Украинаға қарсы соғысы туралы сұрағына: БҰҰ ның уставтарына сүйене отырып, «Жалпы алғанда, егер әр халық өзін-өзі жариялай беретін болса, қазір БҰҰ құрамына кіретін 193 мемлекеттің орнына жер бетінде 500-ден астам не 600 мемлекет пайда болар еді. Әрине, бұл хаосқа апарады. Сондықтан біз Тайваньды да, Косовоны да, Оңтүстік Осетияны да, Абхазияны да мойындамаймыз. Әлбетте, бұл қағидат біздің пікіріміз бойынша квазимемлекеттік бірлестіктер болып табылатын Луганск және Донецкіге де қатысты қолданылатын болады. Бұл сіздің ашық сұрағыңызға ашық жауап», деп мемлекет басшысы қазақи қайсарлық таныта, дипломатиялық асқан шеберлікпен батыл жауап берді Тоқаев. Әрине бұл Қазақстан Президентінің соғыс біткенді, әділетсіздікті жаны қаламайтындығының белгісі болса керек.

Мына дерекке көз жүгіртсек: 2022 жылдың 22-маусымында Германияның Совет Одағына қарсы шабуыл бастағанына 81 жыл болады екен. Жыл сайын осындай кезеңде «1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия опасыздықпен соғыс жарияламастан Совет Одағына басып кірді» деген құлаққа сіңісті тұжырым кезекті рет қайталанып жатады. Осы шындыққа үйлесе ме? Немістердің опасыздықпен басып кіргені рас па?

Ресей тарихшылары 2009 жылға дейін бұл тақырыпқа ауыз ашып көрген емес. Өйткені ақиқатты айтуға жол берілмейтін. Тарихи құжаттар болса не дейді? Германия 1941 жылы 21 маусымда соғыс жариялау туралы Берлинде әзірленген құжаттың 22-маусымға қараған түнде Мәскеудің ресми өкілдеріне тапсырылғанын айтады.

Германия елшісі Вернер фон дер Шуленберг 1941 жылы 22 маусымда Кремльге келіп, қабылдау бөлмесінде бірнеше сағат тосып, таңғы сағат үште Сыртқы істер халық комиссары В. Молотовқа өзі телеграф арқылы Берлиннен алған СССР-ге қарсы соғыс жариялау туралы нотаны тапсырған. Шамамен сол уақытта Германияның Сыртқы істер министрі И. Риббентроп Берлинде өзіне СССР-дің Германиядағы елшісі В.Деканозовты шақырып алып Совет Одағына қарсы әскери қимыл басталғаны туралы нота тапсырады. Құжат толықтай «Нота Министерства иностранных дел Германии Советскому правительству от 21 июня 1941 года» деп аталады.

Сондықтан «Германия Совет Одағына қарсы опасыздықпен тұтқиылдан соғыс бастады» деген тұжырым жалған болып шықты.

Сондай-ақ нотаға Германияның СССР-ге соғыс ашуға мәжбүр болған себептерін айғақтайтын үш ведомство әзірлеген хабарлама қоса тіркелген. Біріншісі, Германияға қарасты аумақтарда тоқтаусыз советтік диверсиялар жүріп жатқанын, екіншіден, Мәскеу тарапынан Рейхқа қарсы дұшпандық насихат өршіп кеткенін және көрші елдерде Коминтерн жұмысының белсенділігі күрт артқанын, үшіншіден, Германиямен шекаралық аймақтарда Қызыл Армияның 160-тан астам дивизиясы шоғырландырылып қойылғанын уәж етеді. Берлин СССР-дің мұндай әрекеттерін «ту сыртынан соққы беруге әзірлік» деп бағалап, фюрер Вермахтқа шығыс шекарада туып отырған «қауіпті жоюға» бұйрық бергенін хабарлайды.

Құжатта 1939 жылы 23-тамызда Мәскеуде Молотов пен Риббентроп қол қойған Совет Одағы мен Германияның өзара шабуыл жасаспау туралы шартты СССР күш жинау үшін уақытша тыныс беретін құжат ретінде бағалағаны айыпталған.

Сол нотада Германияның превентивтік соққы беруге, яғни СССР-ден бұрын соғыс бастауына себеп болған жайттар рас па еді? Ресейлік В. Резун, И.Л.Бунич, С.С.Захаревич, Л.М.Млечин сияқты зерттеушілердің еңбектерінде Совет Одағының Германияға шабуыл жасауды көздейтін «Гроза» операциясына әзірлік бір жыл бұрын, 1940 жылы наурыз айынан басталғаны айтылады.

Нақты деректерге қарағанда 1941 жылғы 12-мамырға дейін СССР-дің Белорус, Киев және Ленинград әскери округтарына 2 миллион 200 мың солдат, 8112 танк пен бронетехника, 6500 әскери ұшақ, 37 мың зеңбірек пен миномет шоғырландырылған. Шекара түбіне тасылған жанармай мөлшерінің молдығы соншалық, немістер шабуыл бастаған соң бір жылдан астам уақыт әскери техникасына сол жанармайды пайдаланған. И. Буничтің жазуынша Германияға қарсы шабуыл операциясына 5 миллион адам, 11 мың танк, 35 мың зеңбірек, 9-10 мың ұшақ қатысуға тиісті болған. «Ледокол» деген кітабында Виктор Суворов Қызыл Армия күштері шекара түбіндегі екінші стратегиялық эшелонға 1941 жылы 10-шілдеге дейін жайғасып үлгеруі көзделгенін айтады. Алайда қалыптасқан әскери шиеленіс жағдайында Германияға қарсы «Гроза» операциясын бастау 1941 жылғы 6-шілдеге белгіленген. Мұндай қимылдарды сезіп қойған Германия сондықтан 17 күн бұрын қимылдап, 1941 жылы 22-маусымда Совет Одағына соғыс ашқан.

Сыртқы саясатында өзінің басқыншылық пиғылынан әлі күнге бас тартпаған Ресей билігі, әрине, мұны мойындамайды. Архивтерде совет-герман соғысына қатысты маңызды құжаттардың көпшілігінен «құпиялылық» таңбасы сыпырылған жоқ. Қайта мерзімі тағы 30-50 жылға ұзартылып тасталды. Бірақ совет-герман соғысының басталуына әлемдік революция жасауды көздеген большевиктік СССР-дің тура және жанама ықпалы болғанына көзіміз айдан анық жетіп отыр. Әрі бұл шындық қазақстандық мектеп оқулықтарында қамтылғаны құба құп болар еді» - деп жазады осы істер турасынан зерттеу жасаған жазушы-публицист Марат Тоқашбаев.

«Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» деп бабаларымыз айтпақшы, үйдегі теледидарыңды, қолыңдағы қалта телефоныңды қоссаң-ақ болғаны Украин халқының өз бауырласы, діні бір туыстастарынан зардап шегіп жатқанын, тоз-тозы шығып талқандалған қалалар, беті ауған жаққа жөңкіле босқан елді көресіз. Әрине бұл қанқұйылы басқыншылықтың жер шарындағы адамзат баласына тигізіп жатқан зардабы орасан. Жазықсыз жапа шеккен елдің обал сауабы кімге екенін бүкіл әлем біліп отыр. Осыған қарап отырып мына бір жағдай есіңе түседі. Біздің бала кезімізде ауыл клубтарында болсын, теледидардан өздері Ұлы Отан соғысы деп ат берген, жиырмасыншы ғасырда жаһан халқын қырғынға ұшыратқан ауыр жылдар жайлы кино үзілмейтін. «Освобождение», «Семнадцать мгновении весны», «Щит и меч», деген т.т. кинолар шыққанда бүкіл ел сол киноны клубтарда таласа көріп, қырылып қала жаздайтын еді. Мәскеуге келіп ат басын тіреген неміс басқыншылары, қираған қала күңіренген ел. 1941-45 жылдардағы Герман соғысы Кеңес Одағы үшін бұрын соңды бастан кешкен барлық соғыстардың ішіндегі ең ауыры болды. Соғыс елді біртұтас жауынгерлік лагерге айналдыруды, бүкіл экономика мен кеңес халқының күш-жігерін майдан мүддесіне, жауды жеңу мақсатына жұмылдыруды талап етті. Қазақстан халқы бұл міндетті толығымен қабылдады. Сөйтіп, азаттық соғысына бір кісідей көтерілді. Осы тұста өткен жиындарда олар туысқан халықтар алдындағы парызын орындауға әзір екендіктерін білдірді. Қызыл армияның қатарына өз еріктерімен баратындықтары туралы қалалық және аудандық әскери комиссариаттарға мыңдаған арыздар түсіп жатты. Бұл қанды майдан Қазақстан жерінен қаншама шалғайда болса да біздің ел үшін соншалық жақын болды. Украина, Белоруссия республикаларында, Фин-Балтық жағалауында қанды майдан жүріп жатқанда Қазақстанның әрбір облысында, қаласында, өндіріс орындары мен ауылшаруашылығында, ауылы мен қыстауында, бригада, звено, цехтарында тылдағы майдан жүріп жатты. Себебі коммунистік жүйе мен фашистік тәртіптің өзара текетірес соғысы басталған күннен бастап, Кеңес өкіметі мен Коммунистік партияның Орталық Комитеті, Қорғаныс комитеті алдын ала үлкен жоспарлар жасап, Қазақстанды бірден майдан арсеналына айналдырып жіберді. Біріккен он бес мемлекеттің халқының қолдауымен ауыз-біршілігі, батыр ұлдарының арқасында Ресей жері мен халқының аман қалғанын кейіннен түсіндік қой. Осындай қиын жағдай елінің басынан өткенін, сол уақыттағы туыс халықтардың жақсылықтарын Ресей басшылығы өмір бойы ұмытуға тиіс емес. Ресей-Герман соғысына қазақ елінен аттанған екі милионнан астам азаматтардың тең жартысынан көбі елге оралмай қалды.

Мысалға: Кезіндегі Жамбыл облысы, Свердлов ауданы Түймекент ауылынан 1940 жылы отанын қорғауға аттанған Ақәділ Суханбаев, Ұлы отан соғысы кезінде 31-ші армияның 174-ші Борисов қызыл тулы атқыштар дивизиясының 628-ші Гродно қызыл ту полкінің 1 батальонында бөлімше командирі болып шайқасқа қатысады.

-Белоруссия, Литва, Польшаны жаудан азат етіп, Стжельцовизна деревнясы үшін болған ұрыста пулемет оқ шашқан дзоттың амброзурасын кеудесімен жауып, елі, жері, халқының намысы үшін жас жанын пида етіп, қаза тапқан болатын. Бұл ерлікті Александр Матросов сынды батырлар да қайталаған еді. Әрине Ақәділдің ерлігі ескерусіз қалған жоқ. 1945 жылы 24 наурызда Ақәділ Суханбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Екінші дүниежүзілік соғыста Отан үшін аянбай айқасса да, аты аталмай ерлігі мойындалмаған батырлар көп болды. Солардың бірі қанды қырғын майданда фашистерге тойтарыс берген, сұм соғыстың нүктесін қойған, Берлиндегі Рейхстагқа бірінші болып жеңіс туын тіккен қазақ азаматы Рақымжан Қошқарбаев еді. Әйтсе де, Берлин шабуылының қаһарманы, Рейхстагқа ту тіккен батыр Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі көп жылдан соң ғана мойындалды. Оған дейін, ту тіккендер деп Михаил Егоров пен грузин халқының өкілі Мелитон Кантарияны ғана атап келген еді. Композитор Рамазан Елебаевтың батыр Төлеген Тоқтаровқа арналған,

«Қар жамылған кең дала, қанға бөгіп,
Күркіреді сұр аспан өлім төгіп.
Жас қазақ
Мұрттай ұшты уралап», деп келетін «Жас қазақ» ән реквиемі көп дүниеден хабардар етсе керек. Айта берсек мұндай мысалдар өте көп.

Кезіндегі «Мосфильм», «Ленфильм» шығарған киноларда тек орыс халқы және солдаттары ғана қаһарман болып бейнеленетін. Ал басқа ұлт өкілдері назардан тыс қалып отыратын. Отаны үшін от кешіп, жанын сала елін, жерін қорғаған сарбаздар ерлігін шебер суреттеген әртістер қауымына риза болмасқа шараңыз жоқ. Фильмдерде немістер болса ақымақ, тентексүрей, жегендері "тушонка", шұжық, астыларында үш аяқты мотоциклі үстіндегі қара китель, қайыс плащтары мен хром етіктері жалтырап, бала-шағаға дейін қырып жоюшы қатыгез, қанішерлер. Олар басқыншылар болғасын бір жағынан киноларда солай көрсетілуі де керек болған шығар. Міне менмендік, нағыз советтік идеология. Қаншама отбасы қара қағаз алып, қара жамылды. Ел арысынан, ана ұлдарынан ажырады. Егемендік алғалы бері қазақ елінің еңсесі көтерілді десем артық айтқандық емес. Тиым салынған архив, мұрағаттарға кіруге рұсат алып, қаншама адамдар із-түзсіз жоғалған ұлдарының дерегін тауып, көрмесе де көргендей күй кешіп, етегі жасқа толып жатыр десеңізші. Біздің қазақ радиосына теледидардан өтетін «Бармысың бауырым» бағдарламасының қызметкері Әсел Асқарқызы ауысып келіп, бүгінде қаншама белгісіз кеткен боздақтардың хабарын тауып, туыстарымен қауыштырып, алғысқа бөленуде. Совет-Герман соғысында зардап шеккен отбасының азаматы ретінде, сол ерлердің батырлығын насихаттау мақсатында мен де қолыма қалам алып отырмын.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПІКІР

Қасиетсіз де имансыз адамдарың кесірінен, кейінгі есеп бойынша осы соғыста қырық миллионнан аса адамзаттың өмірін жалмағаны айтылады.

Ал мына дерек не дейді екен: Г. Кривошеев бастаған зерттеушілер тобының демографиялық баланс әдістемесі бойынша жүргізген зерттеулерінің қорытындысы бойынша КСРО Ұлы Отан соғысында 26 миллион 600 мың адамынан айрылған. Олардың ішінде дұшпанның әскери және басқа да әрекеттері нәтижесінде қаза болғандар, дұшпанның басып алған аумақтарында және тылда соғыстың ауыртпалығына байланысты өлім-жітім деңгейінің артуынан көз жұмғандар, сондай-ақ, соғыс жылдарында КСРО-дан шет елге кетіп, қайтып оралмағандар да бар. Қаза болғандарды, жарақаттардан көз жұмғандарды жынысына қарай бөлер болсақ, әрине басым бөлігін ер азаматтар (20 млн. жуық) құрайды. Жалпы 1945 жылдың аяғына қарай, КСРО-да 20 жастан 29 жасқа дейінгі әйелдердің саны сол жастардағы ер азаматтардан екі есе артық болған екен. Кейбір шет елдік белгілі зерттеушілердің пікірінше, Г. Кривошеев тобының келтірген саны (26,6 млн.) бұл КСРО-ның соғыста айырылған адамдар санының ең төменгі шегі ғана. Ал жоғарғы шегі 43 миллионға жуықтайды деп көрсетеді.

Әрине бұл қанқұйлы кесапаттың зардабын тартпаған сол уақыттағы туыстас он бес мемлекеттен отбасылар кемде кем шығар. Бұрынғы (Каблукова) қазіргі Кекілбаев көшесінің бойында осы ҰОС ардагерлеріне арналған әскери госпиталь бар. Өткен жылдарда осы соғыстың зардабын шеккен ардагерлерден бірлі-жарымы келіп тұрушы еді, қазір мүлде жоқтың қасы. Дәрігерлер санаулы қалған қарт майдангерлерге үйлеріне барып, ем-дом жасап тұрады екен. Сол соғыстан кейінгі уақытта Кеңес өкіметінің пәрменімен 500 ге тарта атомдық сынақ жүргізілген Семей полигонынан және Ауған соғысынан зардап шеккендерге берілетін квота бойынша әскери ардагерлер госпиталына барып тұрамыз. Мұнда келушілердің қарасы көп. Үш кісілік бір бөлмеге жайғасып, жанымда орналасқан азаматтармен таныса бастадым. Кезіндегі офицер шенін таққан Алматылық орыс азаматы Шаламов Борис, ал екіншісі Атырауда келген Асқар Хамзаұлы деген ортадан жоғары дембелшең келген өткір мінезді нағыз қазақ екен. Ем-дом қабылдап келгесін, теледидардан жаңалық көреміз немесе жорнал, газеттер оқимыз. Көршім орысшаға да жүйрік көрінеді, офицер екеуі тез тіл табысып, әңгіменің көрігін де қыздырып жатыр. Бір күні Асқар Хамзаұлы ардагер аталары туралы деректерді іздемеген мұрағаттары қалмағанын айтып отырды. Тағы бірде қалта телефонын алып, Оралдан соғысқа аттанғаны жөнінде айтып, аталарына іздеу салып, біреулерден жөн жоба сұрап жатты. Сонымен арғы аталары ер Көтібар, Есет, Махамбеттер болса, бергілерінің де батыр болғаны жөнінде бізге айтып, мақтаныңқырап та қойды. Осы кезде мен бұл азаматқа көмек қолын созғым келіп, аталарының аты жөнін сұрадым. Совет-Герман соғысынан із-түссіз кеткендер жайлы архивтік құжаттармен айналысып отырған қазақ радиосындағы өзімнің әріптесім Әсел Асқарқызымен хабарласып, көршімнің өтініші бойынша аталарының аты жөнін түсіріп жібердім. Тез арада Әсел жіберген мағлұматтар бізге келіп жетті. Әрине Асекең мұндай хабар күтпеген болуы керек, дәлме-дәл деректерді көргенде жанымдағы батырдың ұрпағының жүрегі елжіреп, лезде көзінен қуаныш жасы моншақтап сала берсін. Міне қызық, содан әңгімеміз жарасып, майданға аттанып, Ленинградты қорғап, «За оборону Ленинграда» медалін алып, онан із-түссіз хабарсыз кеткен менің атам Зарлиев Мұртаза жайлы мен де айтып, оның да, менің де сол соғыста хабарсыз кеткен аталарымыз есімізге түсіп, біраз мұңайып қалайық.

Ел басына күн туған сол бір қатыгез заманда менің замандасымның атасы Қашауов Сұлтанғұби ақсақалдың отбасынан 4 ұлдарын соғысқа аттандырады. Сұлтанғұбиұлы Есенаман – 1909 жыл, Жоламан – 1913 жыл, Хасан – 1921 жыл, Хамза Сұлтанғұбиұлы – 18.10.1924 жылғы. Есенаман мен Хасан хабарсыз кетеді де, Жоламан мен Хамза елге аман оралады. Менің жанымда жатқан Асқар Хамзаұлы белгісіз кеткен аталары туралы деректерді табаны тозып, жүйкесі жұқарғанша іздеп, бармаған мұрағаттары қалмағанын айтып отырды.

Ендігі мәліметтерге көз салсақ: Қашауов Есенаман Сұлтанғұбиұлы, 1909 жылы қазақ ССР Гурьев облысы, Бақсай ауданы, Құмшығанақ ауылында туған. Білімі бастауыш. Батыс Қазақстан облысы, (Уральская) Тайпақ ауданы Калмыков ауылында салық комитетінің инспекторы қызметін атқарады. Келіншегі Қашауова Нұрша Сардарқызы (1911 -14.12.1976ж) Гурьев облысы Бақсай ауданының қызы. Нақты мекен-жайы Яманка ауылы, Приуральская көшесі, 1-үй болуы мүмкін деген дерек кездеседі.

Ұлы: Қашаутегі Амангелді Есенаманұлы (15.09.1940-29.02.2004ж).

Зайыбы: Жұмалиева Насіпхан Хисымқызы (19.01.1940-06.08 .2021ж)

Ұлдары: Есенаманов Асхат Амангелдіұлы (14. 05. 1966 - 18. 05. 1989 ж).

Есенаманов Нариман Амангелдіұлы (14.06.1971-13.08. 2003ж).

Есенаманов Жасұлан Амангелдіұлы 19.09.1976 ж.

Қызы: Есенаманова Жанар Амангелдіқызы 26.09.1968 ж.

1941-1945 жылдардағы Герман-Ресей соғысында фашистер жасаған «Барбаросса» жоспарында олар КСРО жерінде Остланд, Украина, Московия, Еділ-Орал, Түркістан сияқты рейх комиссариаттарын құруды көздеді.

Сұрапыл соғыс жылдары Қазақстанның жеңіске қосқан үлесі орасан болды. 1941-1945 жылдары КСРО-дағы әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық білім алуға аттанады. Қазақстанның аумағында соғыс жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны 16 000 офицер дайындап шығарғаны да жазылады. Партизандық соғыс. Қазақстандық сарбаздар жау тылында қоршауда қалып, партизандық күреске араласқан. Оған қаһарман батыр Қасым Қайсеновтің ісі дәлел бола алады. Бір жылдың ішінде қазақстандық комсомолдар кеңес әскеріне 45 жаңа танк жібереді. Кейін халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды деген де деректер кездеседі. Қазақтың даңқты балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлының да совет әскерлеріне бір ұшақ сыйға тарқаны айтылады.

1941 жылы соғыс өрті тұтанғанда 32 жасар Есенаман Сұлтанғұбиұлы Гурьев облысындағы (қазіргі Атырау) Гурьев әскери комиссариатынан II дүниежүзілік соғысқа аттанып, Волгоградқа аялдап, қан-құйлы соғыс жүріп жатқан Украина майданына түседі. Қызыләскер әскери шенін алған жас сарбаз 213 атқыштар дивизиясы қатарына қосылады. Винницада соғыс майданына кіріп, Киев, Гомель, Смоленскі, Тверьді азат етіп, Брянскіге жетіп, Харків арқылы Днепрге қайта келеді. Табылған деректерге сүйенсек, майдангер шамамен 16.10.1943 жылы соғыста қаза тапқан. Алғашқы жерленген жері: Украина, Днепропетровская облысы, Верхне-Днепровский р-н, Калужино ауылынан, солтүстік-шығысқа қарай 200 м. Кейін қайта жерленген (перезахоронение) болуы да мүмкін деген де деректер бар.

Қашауов Хасан Сұлтанғұбиұлы 1921 жылы туған.

Қашауов Хасан Сұлтанғұбиұлы, 1921 жылы Қазақ ССР Гурьев облысы, Бақсай ауданы, Құмшығанақ ауылында туған. Білімі бастауыш. Мектепті үздік бітіріп ұстаздық қызмет атқарып жүріп, 1941 жылы соғыс өрті тұтанғанда 20 жасар Хасан Сұлтанғұбиұлы Батыс Қазақстан облысы, (Уральская) Тайпақ ауданынан шақырылып, II дүниежүзілік соғысқа аттанады. Болжам бойынша сол өңірден аттанғандармен бірге Украина майданына түсуі мүмкін. Ол уақыттағы сарбаздарға берілетін Қызыләскер әскери шенін алып, атқыштар дивизиясы қатарына қосылуы да ғажап емес. 1942 жылы ағасы Есенаманның жұбайы Қашауова Нұрша Сардарқызына қайнысы Хасаннан хат келеді. Ел жұртының амандығын сұрап, «біз бүгін Мәскеуден майдан алаңына аттанғалы тұрмыз» деген жалғыз ауыз сөзі дерек көзі ретінде ғана айтылады. Соған қарағанда Мәскеуді қорғауға қатысқаны анық. 02.1944 жылы із-түзсіз жоғалғандар қатарына қосылады. Майдан деректері архивтерден табылмады.

Москва шайқасы 1941 жыл 30 қыркүйек – 1941 жыл 6 желтоқсан.

Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы, әсіресе, Москва түбіндегі шайқаста шықты. Республикада жасақталған 316 – атқыштар дивизиясына Москваға апаратын негізгі өзекті жолдың бірі – Волокаламск тас жолын қорғау тапсырылды. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1075 ұлан атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. 28 танк жоюшылар («28 панфиловшы») тобы Дубосеково разъезінде жаудың 18 танкісін жойып жіберді. Ротаның саяси жетекшісі В. Г. Клочков «Россия кең – байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда Москва» ұранын көтерді. Оның бұл сөзі бүкіл майданға тарады. Кейіннен «28 панфиловшы» ерлігі аңызға айналды. Олар қасық қаны қалғанша шайқасты. Бәрі дерлік қаза тапты, бірақ жауды өткізбеді. Сондай – ақ Москва қорғау тарихына панфиловшылар дивизиясы бөлімдерінің саяси жетекшілері П. В. Вихров, М. Габдуллин, автоматшылар Т. Тоқтаров, Р. Амангелдиев мәңгі өшпес із қалдырды.

316 – дивизия жауынгерлерінің ерлігі мен қаһармандығы жоғары бағаланды. 1941 жылы 17 қарашада оған 8-ші гвардиялық дивизия атағы беріліп, Қызыл Ту орденімен марапатталды. Москва облысының Бородино селосының түбінде неміс штабына басып кіріп, немістердің көзін жойған Төлеген Тоқтаровқа Кеңестер Одағының батыры атағы берілді. М. Ғабдуллин басқарған автоматшылар тобы да ерекше ерлік көрсетіп, жау танкілерінің бірнешеуін жойды. М. Ғабдуллинге Кеңестер Одағы батыры атағы берілді.

1942 жылы 3 мамырда 238 атқыштар дивизиясы ұйымшылдығы және ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен марапатталды, ал 1942 жылы бұл дивизия 30 – гвардиялық дивизия болып қайта құрылды.

– Гитлершіл басқыншылардың Москва түбінде талқандалуы жау әскерлерінің рухын түсірді.

– Гитлердің қауырт соғыс жоспары «Блицкриг» біржола күйреді,

– Қенес армиясы стратегиялық бастаманы қолға алып, түбегейлі бетбұрыс басталды.

Кейбір деректерде Қызыл Армия қатарына 1 млн. 200 мың адам, КСРО армиясында қызмет еткен 178 мың жауынгерге қосымша алынды. Олардың 600 мыңнан астамы соғыс майданында немесе түрлі жарақаттардан қайтыс болды делінеді.

Қырық жыл қырғын болса да ажалсыз қалады, ажалды өтеді, деген аталарымыздың тәмсіліне сүйене отырып, елге аман оралған Жоламан мен Хамза турасынан әңгіме шертеміз.

Ұлы отан соғысының ардагері – Қашауов Жоламан Сұлтанғұбиұлы –1913 жылы Бақсай ауданының № 7 ауылында дүниеге келген. № 8 ауылдағы «қызыл үй»–мектебінде 4 кластық гимназия мектебін аяқтайды. Жастайынан еңбекке араласып, ОРС-әмбанефті есепші, аға финанс учетшігі қызметін атқарады. 1941 жылы соғысқа аттанып, 2 аптадай дайындық курстан өтеді де, Украйнек фронтына жіберіліп, Москваны қорғауға аттанады. Ефрейтордан бастап, бөлімше командирі, командир орудия шеніне дейін көтеріледі. Осы шайқастың қорытындысымен «За оборону Москва» медаліне ие болады. «Москваны алу өте қиынға соқты, күндіз-түні соғыс, біздің взводтан 3 адам қалдық, не керек содан соң бізді Беларус фронтына жіберді»-деп еске алады екен қарт майдангер. 1943 жылы партия қатарына қабылданған жас сарбаз өмірінің соңғы күндеріне дейін Коммунистік партия қатарында болып, сол кездің шарттары бойынша еліне адал қызмет етеді.Ештеңеден тайсалмайтын, жасқанбайтын, орыс тіліне өткір, суырып салма, ақындық қасиеті де бар сарбаз, соғыста жүргенде қойын дәптеріне шығарған өлеңдерін жазып жүреді екен.

Қан майдан соғыстың бір күні сарбаздар окопта қару-жарақтарын тазалап отырғанда «соц-тік Қазақстан» газетінің тілшісі келіп, Кіші сержант Қашауов Днепр өзені үшін болған шайқаста үлкен ерлік көрсетті» - деп газетке шыққан мақаламен таныстырады.

Осы Днепр үшін болған шайқаста немістің қаптап келе жатқан солдаттары мен танкысын жойып, совет солдаттарының шабуылға шығуына жол ашқаны үшін 1944ж. 28/5-да «За отвагу»-медалімен және «Даңқ» орденінің (III-степень) кавалері атағына ие болады. Осындай бір ұрыста қасына екі солдат беріп, командир Жоламанды тіл алып келуге жұмсайды. Сыртта тұрған қарауылдарының көзін жойып, немістің штабына басып кіріп, үш-төртеуін өлтіріп, бір офицерін ақ қарда жалаң аяқ штабқа алып келеді. «Бізге жалынып жылап келеді, етігін шешіп алып, қасымдағы солдатқа бердім, өзім помазогын алдым елге аман оралсам балдарыма көрсетемін» деп еске алады екен майдангер. Тағы бір әңгімесінде: «Могилев облысының бір деревнясын азат етуде үш күн нәр татпадық. Қасыма үш солдат қосып алып, сарбаздарға тамақ тауып әкелуге бел буып, жолға шықтым. Көрші деревняға келдік. «Откройте мы свои» деп әр үйдің терезесін соғып жүрміз, ешкім ашпайды. Бір үйдің жапқышы қозғалғандай болды. Содан жаңағы үйге келіп, есігін қағып, совет солдаты екенімізді, оларға залал келтірмейтінімізді, үш күн нәр татпағанымызды айттым. Жасы біразға келіп қалған әлгі ана үйіне кіргізіп, бізді қара көже мен қатқан нанға тойдырып, қолымыздағы ыдыстарымызға да көже толтырып, қалған сухариін берді». Бізді шығарып салып тұрып, көзіне жас алып, «жолдасыммен үш балам соғысқа аттанды екеуінен қара қағаз келді» деп қоштасты. Анаға риза болған мен, «елге аман барып, қызды болсам сіздің атыңызды қоямын деп уәде беріп кеттім» деп сол күндерді есіне түсіреді екен.

Қашауов Жоламан Польша, Венгрия, Германия мемлекеттерінің қалаларын азат етуде көрсеткен ерлігі үшін Сталиннің бұйрығымен «Германияны азат еткені үшін»-медалі, «СССР қарулы күштеріне 50 жыл» юбилейлік медалімен және бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталады. Соғыстан аман оралған соң, 1945-1947 жылы Ленин атындағы балық консерв комбинаты жанында «Чапаев» артелінде предцедатель болып жұмыс істейді. Өмірінің соңғы жылдарына дейін комбинатқа қарасты партия жұмсаған бөлімдерінде абыроймен қызмет атқарады. 1938 жылы Амина анамызбен шаңырақ көтеріп, дүниеге он бала әкелген. Бес ұрпағы кішкентай кезінде дүние салған. Соғыстан елге аман оралсам бір қызыма сіздің атыңызды қоямын деп берген уәдесін орындап, өмірге келген қызына «Лиман» деп атын қойыпты.

Жоламанның тағы бір қасиеті елді аузына қаратқан әңгімешіл, домбырашы жыршы болған. «Бес ғасыр жырлайды» томдарын, Бұқар жырау Жиренше, Қарашаш жырларын жатқа айтқан. Кітап оқығанды, домбырамен ән салғанды, ән тыңдағанды өте жақсы көрген. Ауырып жатса да басына сүйеулі домбырасы, іргесінде көзілдірігі мен кітап газетін тастаған емес. Кітап сыйлағанда балаша қуанушы еді» деп еске алады ұлдары. Өте балажан, бір балаға дауыс көтермейтін, ағайын–туманың балалары шарбағымыздан арылған емес. Әкеміз жұмыстан келе жатқанда (шарбақта өзі 4 үйміз) «Алақай ақ папам келе жатыр» деп бәріміз бірдей жүгіреміз.Әкемізге жеткенше «ақ папа, төре папа, Төреғали папа» деп әндетіп жетеміз. Балаларды түгел «құдай құлдық», «құлышақтарым менің» деп көтеріп бетінен сүйіп, жетектеп алып қайтады. Жүрегі кең, мейірбан әкеміз – Отанын да қорғап, ұрпағын да тәрбиелеген абыройлы азамат еді» деп еске алады балалары.

Ал енді менің әріптесім Асқардың әкесі Хамза Сұлтанғұбиұлына келеміз.

Қашауов Хамза Сұлтанғұбиұлы 18.10.1924 жылы Гурьев облысы, Бақсай ауданы, Есбол селосы № 7 ауылда дүниеге келеді. 1941 жылы 10 сыныптық Калмыково орта мектебін үздік бітіріп, Калмыков селосындағы радиосвязист, моторист қызметін атқарады. 1942 жылдың жазында 18-ге толмастан-ақ, өз өтінішімен майданға аттанады. 1942 жылы Орал қаласына көшірілген Ленинград әскери байланыс училищесінің курсанты ретінде қабылдананып, 1943 жылға дейін осында оқып, әрі мамандығына байланысты қызметін атқарады. 04.05.1943 жылы Оңтүстік Батыс майданға бағынышты 3-ші Украина фронты 223-атқыштар дивизиясының 1041-атқыштар полкі құрамына байланысшы ретінде жіберіледі. Екі айдан соң 05.07.1943 да телефоншы әскери тапсырма орындау үстінде ауыр жарақатпен госпитальға түседі. Госпитальда емделіп шығып, 07.10.1943 Оңтүстік-Батыс майданының 50-атқыштар дивизиясында 49-атқыштар полкінің телефоншысы қызметін жалғастырады. Майдан даласында құпия тапсырмамен жүрген байланысшы атылған снарядтардың астында қалып, қайта жарақаттанып, госпитальдан бірақ шығады. Екі ай емделіп, 10.1943-01.1944 жылы 28-атқыштар дивизиясының 40-жеке батальионында әуеге жарық беруші жабдықтар бастығы қызметіне ауыстырылады. 01.1944 - 01.1946 жылы Кубышев әскери байланыс училищесінде оқуын жалғастырып, 01.06.1946 жылы тәмамдап, кіші лейтенант шенін алып иыққа тағады. 1946-1947 жылдары атқыштар батальоны байланысының бастығы болып тағайындалады. 1947 жылдан ВКП (б) мүшесі.

Соғыста көрсеткен ерліктері үшін 1943 жылы «Қызыл жұлдыз» орденімен, «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг» медалімен марапатталды.

Жалғасы 12 бетте

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОБЕДИТЕЛИ КОНКУРСА

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА СТРАЖЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Напомним, читателям, что отечественный производитель ТОО «Med365» стала победителем недавно организованного регионального конкурса-выставки «Лучший товар Казахстана» в номинации «Лучший товар производственного назначения». Сегодня по представлению пресс-службы палаты предпринимателей города Алматы предлагаем подборку материалов о работе ТОО «Med365».

В настоящее время умы многих разработчиков занимает развитие цифровых технологий, основанных на базе искусственного интеллекта. Главная цель – создать новые приборы, способные обеспечить максимальную безопасность граждан.

Разрабатываются международные стандарты, позволяющие внедрять умную технику, запускаются инновационные производства необходимого оборудования.

В этом направлении компания «Med365» – отечественный разработчик, тоже не остался в стороне от мировых тенденций и мы тоже работаем не покладая рук.

Ежедневно на дорогах страны происходят аварии с трагическими последствиями. Риску подвержены не только автовладельцы, но и пользователи общественного транспорта. Статистика говорит о росте ДТП и зачастую причинами аварий специалисты называют переутомление водителей, управление транспортом в нетрезвом состоянии и неисправность транспортного средства. Все это при том, что водители общественного транспорта в обязательном порядке проходят медицинское освидетельствование. Ранним утром у медпункта любого автобусного парка можно увидеть многочисленный коллектив, ожидающий, когда медсестра проведет освидетельствование водителей и выдаст допуск к работе. Сжатые сроки, нехватка медиков, поверхностный осмотр, а в результате – на маршрут выезжают водители с высоким давлением, с признаками ОРВИ и даже в состоянии похмелья.

Медицина шагнула вперед

С развитием новых технологий произошел рывок в медицине. Если раньше для определения температуры тела мы пользовались ртутными градусниками, то современные приборы позволяют определять температуру бесконтактным способом за считанные секунды. В век всевозможных беспроводных браслетов и датчиков, постоянно контролирующих пульс, давление, дыхание, температуру и другие показатели состояния человека, на помощь медработникам приходят умные приборы.

В развитых странах за безопасность на производствах, аэропортах и дорогах отвечает искусственный интеллект. В США и Европе термин «медицина мирового уровня» – не только пафосная рекламная вывеска, но и закрепленное в документах понятие. Применяемые для медицинского осмотра приборы, способны снять нагрузку с врача и исключить человеческий фактор. Такая техника позволяет сократить время медосмотра, обеспечивает точность данных, что в конечном итоге снижает смертность и аварийность на объектах и на дорогах.

Что в это время у нас

– Жоқ, өзіңізге, маған бір-бір рүмкі арақ алдырыңыз. Бүгін сол Кісінің қайтыс болған күні, еске алайық.

Әйел өксіп жылап жіберді. Бағанадан бері әрең отырған екен ғой, кеудедегі лоқсық бұрқ етіп шықты.

– Енді ар жағын да білуге қақыңыз бар. Сіздің есіңізде ме, анау бір жылдары Мәжілісте жүріп аяқ асты ел көзінен де, журналистердің де назарынан таса болып, жоқ болып кететін депутат әйел?

Мен әйел жүзіне тесіле қарап отырып қалдым. Ее, бәсе, бұл кісіні қайдан көрдім деп еске түсіре алмай отыр едім: – Сіз... сіз Шұғыла емессіз бе, Шұғыла Таймасқызы?

– Құдайға шүкір, мені ел біржола ұмытқан екен деп отыр едім... Иә, сол Кісі сотталған соң оның нұр жүзін көрмей ары қарай өмір сүруім мүмкін емес екенін ұқтым. Құр жылай бергенше тіршілік етейін деп депутаттық мандатымды өткізіп бердім де сол Кісі барған зонадағы ауылға мен де барып үй жалдап тұрып жаттым. Мектепке мұғалім болып орналастым. Зонаға жиі барып жолығып тұрдым. Үш жыл өмір осылай өтті, сосын ол Кісі аяқ асты ауыруға шалдығып өліп кетті.

Шұғыла Таймасқызы осы сөздерді айтқанда өңі күрт бұзылып бетіндегі бағанадан бері күңгірт тартып көрінбей тұрған әжім іздері бадырайып шыға келді.

– Келіңіз, жатқан жері жайлы болсын деп алып қоялық...

Нүсіпхан ҚЫСТАУБАЕВ

КҮШІМІЗ ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМІНДЕ

Бұл Жолдауда халықты толғандырып отырған барлық мәселені егжей-тегжейлі қамтыған Мемлекет басшысы мемлекеттік тіл мәселесіне де тоқталып кетті. Мәселен, Қ.Тоқаев «Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызды.

Қоғамда қазақ және орыс тілін мектепте оқыту мәселесі бойынша пікірталас болып жатыр. Нақты айтайын: біз қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі бұл ұрпақтың мүддесі үшін керек. Оқуағарту министрлігі популистердің жетегінде кетпей, балалардың мүддесін қорғауға тиіс. Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде» деп атап көрсетті.

Жолдауда айтылған бұл қағидаларды жас ұрпаққа тілді меңгертудің жолбасшысы ретінде қабылдап, баланы қаршадайынан ана тілінде жақсы сөйлеуге үйретуге баса назар аударудың маңызы зор екенін айқындайды. Ана тіліндегі сөздік қорының берік іргетасын қалап алған балаға содан кейін бірте бірте өзге тілдерді де үйретуге көшуге болады. Аузыңнан шыққанды жадына жаттап, санасына сіңіріп алатын қағылез кезінде мұндай тәсіл баланың қабілетін жетілдіріп, оның бойына көп тілді меңгеру қасиетін қалыптастыратыны да ғылыми тұрғыда дәлелденген мәселе. Ең бастысы бұл мәселені «кейін өзі есі кіргенде үйреніп алады ғой» деп кейінге ысырып тастамай, баланың былдырлап тілі шыға бастағанда қолға алса жақсы нәтиже беретіні жайлы нақты мысалдар да аз емес.

Қазіргі заманда уақыт деген сынаптай сусып өтіп жатыр. Сондықтан баланы тал бесіктен бастап, ана тілін жақсы меңгеруге дағдыландыруға кіріссе жақсы нәтижеге жетуге болатынын естен шығармаған абзал. Сосын үйретіп аламыз деп созбалаңға салсақ, уақыттан ұтылармыз хақ. «Көп түкірсе көл» дегендей, егер Президент қадап айтқандай білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ тәрбиелеуге әрбір отбасы өзіндік үлес қосуға талпынса нұр үстіне нұр болары даусыз.

Гүлдана ЕРБАТЫРОВА,
Текелі қалалық сотының жетекші маманы.

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын жариялап, Қазақстанның алдағы даму стратегиясын айқындап беріп, Жолдаудың негізгі басымдықтарын қадап айтты, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру – өзінің Президент ретіндегі басты мақсаты екенін атап өтті.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ

ИНИЦИАТИВЫ ПО ПОВЫШЕНИЮ КАЧЕСТВА ПРАВОСУДИЯ

В Республике Казахстан в последние годы принимается ряд мер по снижению судебной нагрузки, упрощению гражданского процесса, повышению оперативности и прозрачности судопроизводства в стране. Кроме того, основная цель — обеспечение верховенства закона, которое должно соответствовать международным стандартам, предусмотрена Стратегическим планом развития Казахстана до 2025 года. Как показывает международная практика, на качество правосудия большое влияние оказывают профессионализм судей; социальные и правовые гарантии, обеспечивающих независимость судей; рассмотрение дел и нагрузка на судей, а также доступность судебной системы. Поэтому, основная роль в работе эффективной и справедливой судебной системы государства принадлежит судьям, которые должны обладать высокими профессиональными и морально-нравственными качествами.

1 сентября текущего года президент Казахстана выступил с ежегодным Посланием народу Казахстана. В отличие от предыдущих лет президентства Касым-Жомарта Токаева это уже второе его Послание за год. Первое было в марте. Важным направлением нынешнего Послания президента стало продолжение реформирования правоохранительных и судебных органов. О качестве правосудия в стране было озвучено Главой государства и в этом Послании. Несомненно, озвученные инициативы президента будут способствовать дальнейшему повышению качества правосудия в Казахстане.

В частности, среди озвученных Главой государства инициатив, направленных на кардинальное оздоровление общества, прозвучали слова о необходимости срочного обновления судейского корпуса. Акцент был сделан на то, что судьи должны быть квалифицированными, честными, неподкупными и свободными от коррупции. В этом отношении предусматривается предпринять ряд шагов. Так, будет уравнен статус всех судей, и они не будут зависеть от вышестоящих коллег и начальства. Это очень важно, такой подход укрепит независимость судей при отправлении правосудия.

Президент Токаев также сказал о том, что следует сокращать участие государства в судебных процессах, связанных с правовыми спорами между министерствами. Если ведомства по-разному понимают закон, то точку в этом деле должно ставить правительство. Безусловно, это обеспечит верховенство закона и качество судебных решений.

Как отметил глава государства, никто не должен вмешиваться в отправление правосудия, и это правильно. Судьи должны быть чистыми от коррупции и вводимые в отношении их дополнительные критерии будут только способствовать этому. Судебная система станет более справедливой, более эффективной и нацеленной на то, чтобы по закону и по справедливости решать правовые споры граждан и юридических лиц, обращающихся к ним, как в последнюю инстанцию.

Ержан ЖАНУЗАКОВ,
судья СМУС Алматинской области.

ОЧЕНЬ ХОРОШИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ МОЛОДЫХ

Руководитель алматинской Региональной палаты предпринимателей «Атамекен», Айтуар Кошмамбетов, комментируя Послание Главы государства, в котором Президент Касым-Жомарт Токаев отдельно остановился на поддержке молодых предпринимателей, считает, что льготное кредитование под 2,5% для молодых предпринимателей даст эффект и быстрый и качественный результат: в Казахстане появятся сотни и тысячи молодых, амбициозных предпринимателей новой волны, передает пресс-служба городской палаты предпринимателей.

«Молодежное предпринимательство – это финансовая грамотность, организованность, креативное мышление. Это значит, быть хозяином своего времени, это – качественный человеческий капитал страны.

В послании Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил, что со следующего года для поддержки молодежного предпринимательства будет запущен отдельный механизм льготного микрокредитования под 2,5% годовых. Это – очень хорошие возможности для молодых людей с предпринимательской инициативой. Для эффективной реализации механизма, я считаю, необходимо включить обязательное обучение основам предпринимательства по аналогии проекта «Жас кәсіпкер». В этом направлении Палата предпринимателей «Атамекен» имеет большой опыт, был создан пул бизнес-тренеров, которые обучили тысячи ребят, помогли реализовать свой первый стартап.

Напомню, проект «Жас кәсіпкер» был запущен в пилотном режиме, в год молодежи, в 2019 году. Цель проекта – повысить экономическую активность населения и привлечь к занятию предпринимательской деятельностью молодежь в возрасте от 18 до 29 лет. Я считаю, мы ее достигли.

В рамках проекта «Жас кәсіпкер», в «Атамекене» готовили и обучали бизнес-тренеров. Из более чем 3 тыс. заявок отобрали 200 кандидатов, которые обучали, делились опытом, рассказывали о тонкостях ведения бизнеса, юридической и экономической грамотности. В Алматы через «Жас кәсіпкер» прошли обучение 2 650 человек, были одобрены 1 772 гранта на 894 миллиона тенге.

Казахстанская молодежь радует своими достижениями в разных сферах: в спорте, IT-разработках, творчестве. В этом направлении бизнес-образование детей не менее важно. Ведь в рыночных условиях быть финансово грамотным в молодом возрасте, значит открыть для себя безграничные возможности.

Для реализации проекта льготного микрокредитования для молодежи мы готовы обсудить все варианты и поделиться нашим опытом».

Ш. ХАМИТОВ.

ГЕРОЙ НАШЕГО ВРЕМЕНИ

ПОДРОСТОК ПОЛУЧИЛ КЛЮЧИ ОТ КВАРТИРЫ ЗА СПАСЕНИЕ ДВУХЛЕТНЕГО МАЛЫША. НА ПРОШЛОЙ НЕДЕЛЕ В МИКРОРАЙОНЕ «УНИВЕРСАМ» ДВУХЛЕТНИЙ РЕБЕНОК ПРОВАЛИЛСЯ В ОТКРЫТЫЙ КАНАЛИЗАЦИОННЫЙ КОЛОДЕЦ. НА ПОМОЩЬ ПРИШЕЛ ПОДРОСТОК, КОТОРЫЙ ПРОХОДИЛ МИМО. ГЕРОЕМ ОКАЗАЛСЯ 15-ЛЕТНИЙ АРМАН АМАНЖОЛОВ. ОН ПРИЕХАЛ ИЗ АРАЛЬСКА, ЧТОБЫ ПОСТУПИТЬ В КОЛЛЕДЖ, ПЕРЕДАЕТ ZAKON.KZ.

ПОДРОСТОК ПОЛУЧИЛ КЛЮЧИ ОТ КВАРТИРЫ

Героизм юноши восхитил всех. Аким Кызылординской области Нурлыбек Налибаев вручая ему ключи от квартиры, приобретенной на спонсорские деньги сказал:

- От имени всех жителей области выражаю благодарность нашему батыру Арману и его родителям. Глава государства в своих выступлениях неоднократно говорил о том, что недооценивать смелые поступки граждан нельзя. В регионе достаточно неравнодушных граждан. Сегодня от их имени мы вручаем ключи от собственного жилья герою, совершившему подвиг в мирное время. Пусть этот подвиг простого сельского ребенка станет примером для таких же ребят, как он сам, и таких граждан в стране будет много.

Арман Аманжолов родился в 2007 году в селе Боген Аральского района. В семье пятеро детей: двое братьев и две сестры. Отец Жаналык безработный, мать Майра работает в школьной столовой.

МЕДИАЦИЯ

ВНЕСУДЕБНОЕ РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ

Медиация - процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами при содействии медиатора. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему. Медиатор - это не защитник, не обвинитель, не арбитр, не консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта.

С 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация. Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры, медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора. Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих.

Порядок и процедура проведения медиации, установленные статьями 179-180 ГПК РК, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации может быть заявлено сторонами в судах первой, апелляционной и кассационной инстанции. При проведении судебной медиации, передача дела в производство другого судьи не обязательна, по ходатайству сторон процедуру медиации может провести и судья, в производстве которого находится дело, тем самым стороны экономят свое время и время суда. Судья, осуществляющий примирительные процедуры, при проведении судебной медиации руководствуется нормами, установленными Законом «О медиации» и ГПК. Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами. При достижении сторонами соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке судебной медиации судья, в производстве которого находится дело, выносит определение, постановление о его утверждении и прекращении производства по делу.

При этом, государственная пошлина оплаченная сторонами возвращается им из бюджета. Таким образом, медиация минимизирует нравственные и материальные потери сторон связанные с произошедшим конфликтом (спором).

Самал КАЛИМОЛДИНОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТХЭКВАНДО

ПАРИЖДЕ ҮШ ЖҮЛДЕ ЖЕҢІП АЛДЫ

3-5 қыркүйек күндері Францияның астанасы – Париж қаласында пара таэквондодан әлемдік Гран-при сериясы аясында жекпе-жектер өтті. Бұл Париж-2024 Паралимпия ойындарының алдындағы ірі рейтингтік жарыстардың бірі болды. Аталған спорттық іс-шараға 25 елден үздік деген 85 таэквондошы қатысты.

Байрақты бәсекелерде Қазақстан тарапынан төрт спортшы бақ сынап, олар үш жүлдеге қол жеткізді. Мұны айтарлықтай жақсы нәтиже деуіміз керек. Мәселен, Нұрлан Домбаев 80 кило салмақта жекпе-жекке шығып, К-44 дәрежесінде күміс медаль жеңіп алса, Өмірәлі Нышан да осы салмақ пен дәрежеде күресіп, қола жүлдеге қол жеткізді. Сондай-ақ 57 килода (К-44) бозкілемге түскен Кәмила Досмалова да қола медальды мойнында жарқыратты.

«Франция Гран-при сериясының екінші жарысы табысты өтті. Алғашқы жекпе-жектер Болгарияда ұйымдастырылған болатын. Ал үшіншісі алдағы қазан айында Англияның Манчестер қаласында шымылдық түреді. Нақтылай түссем, бұл G6-рейтингтік жарысы болып табылады және оған әлемнің тек үздік спортшылары қатысады. Осындай деңгейдегі жекпе-жектерде жүлде алу – үлкен жетістік», – дейді. Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорттық даярлау орталығының команда басшысы Мерей Биғарин.

«Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ведомстволық бағынышты ұйымы болып табылады. Орталықтың басты қызметі Сурдлимпиадалық, Паралимпиадалық және Паралимпиадалық емес спорт түрлерін дамытуға бағытталған.

UFC

СИНГАПУРДЫҢ ONE FC ПРОМОУШЕНІНДЕ ӨНЕР КӨРСЕТІП ЖҮРГЕН ҚАЗАҚ СПОРТШЫСЫ ҚАЙРАТ АХМЕТОВ АСА ЖЕҢІЛ САЛМАҚТАҒЫ ЧЕМПИОНДЫҚ БЕЛБЕУДІҢ ИЕГЕРІ, АМЕРИКАЛЫҚ ДЕМЕТРИУС ДЖОНСОНДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕККЕ ШАҚЫРДЫ.

ДЖОНСОНМЕН КҮШ СЫНАСПАҚ

36 жастағы АҚШ спортшысы 2011-2018 жылдар аралығында UFC-де күш сынасып, өз салмағында қарсылас шақ келтірмеді. «Күшті тышқан» деген жанама атқа ие Деметриус сол атағын 11 мәрте сәтті қорғап, аталған ұйымның рекордын жаңартты. 2018 жылдың жазында Генри Сехудодан ұпай санымен ұтылғаннан соң ол ONE FC-ге ауысты. Алғашқы үш кездесуде жеңіске жеткенімен, былтыр көктемде бразилиялық Адриано Мораеске есе жіберді. Үстіміздегі жылдың 27 тамызында қос мықтының жолы қайта түйісті. Бұл жолы Джонсон Мораесты тіземен теуіп, есінен тандырды. Осылайша, американдық саңлақ алтын белбеуді беліне тақты. Аралас жекпе-жектен барлығы 37 кездесу өткізген Деметриус 32 рет жеңіске жетіп, 19 қарсыласын сұлатып салды. Төрт рет ұтылып, бір бәсекеде тең есеп тіркелді.

34 жастағы Қайрат Ахметов те кезінде ONE FC-дің чемпионы болған. Кейіннен қандасымыз ол атақтан айырылды. Десек те қазақ жігітінің соңғы кездегі қарқыны қуантарлық. 2008 жылдан бері бес рет жекпе-жекке шыққан Қайрат сол бәсекелердің барлығын өз пайдасына шешті.

ХОККЕЙ

ЧЕМПИОНАТ БАСТАЛДЫ

ҚҰРЛЫҚТЫҚ ХОККЕЙ ЛИГАСЫНЫҢ (ҚХЛ) ТҰРАҚТЫ БІРІНШІЛІГІ БАСТАЛДЫ. БИЫЛҒЫ МАУСЫМДАҒЫ ӨЗІНІҢ АЛҒАШҚЫ ОЙЫНЫН НҰР-СҰЛТАННЫҢ «БАРЫСЫ» МИНСКІДЕ ЖЕРГІЛІКТІ «ДИНАМОҒА» ҚАРСЫ ӨТКІЗДІ.



Кездесуді алаң иелері қарқынды бастады. 9-минутта Дмитрий Соколов және 22-минутта Ник Меркли қатарынан екі шайбаны біздің қақпаға енгізді. Бұл жағдай жерлестеріміздің жігерін жасыта алған жоқ. 37 және 42-минуттарда мергендік танытқан Антон Сагадеев таразы басын теңестірсе, 47-минутта Кәрім Бекетаев нысананы дәл көздеп, «Барысты» алға шығарды. Бірақ өздеріне тиімді есепті қонақтар ұстап тұра алмады. Бәсекенің аяқталуына сәл ғана уақыт қалғанда Брэндон Козун гол соғып, жергілікті көрермендерді қуантты. Овертаймда таблодағы есеп өзгерген жоқ. Ал буллит соғу барысында «Динамоның» жолы болды – 4:3.

Өзінің келесі ойынын «Барыс» 5 қыркүйекте Санкт-Петербургте СКА-ға қарсы өткізеді. Арада екі күн өткеннен соң Балашихаға аттанып, «Витязь» клубымен күш сынасамыз. 9 қыркүйекте Сочиге сапар шегеміз. Ал одан кейінгі кездесулер Нұр-Сұлтанда өтеді.

ФУТБОЛ

«АҚТӨБЕ» АЛДЫНА ЖАН САЛАР ЕМЕС

Қазақстан чемпионатының 14 турындағы үш кездесуді тамашаладық. Бұл матчтар Алматы, Ақтөбе және Нұр-Сұлтан қалаларында өтті.

Орталық стадионда «Қайрат» «Тобылды» қабылдады. Бірінші таймда Игорь Сергеев пен Айбар Жақсылықов екі гол соғып, қостанайлықтарды алға шығарды. Үзілістен кейін Артур Шушеначев есеп айырмашылығын қысқартқан кезде алматылық жанкүйерлер, ең болмағанда, тең нәтижеге қол жеткіземіз деп ойлады. Бірақ Сергеев тағы бір рет мергендік танытты. Бәсекенің соңында Гүлжігіт Алықұлов 11 метрлік нүктеден нысананы дәл көздеді. Есеп – 2:3. Көш басындағы «Ақтөбе» осы турда көш соңындағы «Қызылжарды» айқын басымдықпен ұтатынына ешкімнің күмәні болған жоқ.

Бірақ қонақтар оңайлықпен алдырмады. Олар кездесудің соңғы минуттарына дейін сауатты қорғанды. Десек те мықтының аты мықты ғой, 89 минутта Жерар Гоу жеңіс добын соқты – 1:0. «Астана» Оралдың «Ақжайығының» қақпасына жа-уапсыз төрт гол салды. Оның авторлары – Денис Поляков, Педро Эуженио (екі рет), Марин Томасов. Бір ғажабы, соңғы үш голды елордалық футболшылар ойынның аяқталуына алты минут қалғанда соқты.

Жарыс кестесінде «Ақтөбе» бірінші орында келеді. Олар 18 ойыннан кейін 38 ұпай жиды. Екінші орындағы «Астананың» одан төрт ұпайы кем. 32 ұпайды қоржынға салған «Тобыл» үшінші сатыға жайғасты. Төртінші және бесінші орындарды «Шахтер» мен «Қайрат» өзара бөлісуде. Екеуінде де 27 ұпайдан бар.

КҮРЕС

БЕЛГРАДТЫ БЕТКЕ АЛДЫ

Санаулы күндерден кейін Сербияда жалауы желбірейтін әлем чемпионаты қарсаңында біз бұған дейін еркін және грек-рим күресінің тарихына кеңінен тоқталған едік. Бүгінгі мақаламызда әйелдер күресінің жай-күйі жайында әңгімелеуді жөн көріп отырмыз.

Әйелдер күресінен әлем чемпионаты 1987 жылдан бері үздіксіз ұйымдастырылып келеді. Тұсаукесер турнирді Норвегияның Леренскуг қаласы қабылдады. Шыны керек, ол кездері спорттың бұл түрімен айналысатындар тым аз еді. Географиясы тар болғаннан кейін түрлі жарыстарға қатысушы командалардың да саны кем болды. Десек те кейіннен бұл олқылықтың орны толды. Әйелдер күресі Олимпияда ойындарының бағ-дарламасына енетіні жайында еміс-еміс әңгіме шыққаннан кейін-ақ боз кілемде белдесуге тәуекел еткен бұрымдылардың қатары күрт артты. Ал Олимпиаданың алғашқы жүлделері 2004 жылы Грекияның астанасы – Афиныда сарапқа салынды.

Әйелдер күресі Қазақстанға кешеуілдеп жеткенімен, бұл өнерді біздің арулар жап-жақсы-ақ меңгерді. Әлем чемпионаттарында Қазақстан құрамасы 5 күміс және 7 қола медальды қоржынға салды. Барлығы – 12 жүлде. Жерлестеріміз 2007 жылы Әзербайжанның бас шаһары – Бакуде алғаш рет жеңіс тұғырына көтерілді. Сол жарыста Елена Шалыгина күміс медальды иеленсе, қос Ольга – Смирнова мен Жәнібекова қолаға қол созды. 2008 жылы Токиода Жұлдыз Ешімова финалда ұтылып, екінші орынды иеленді. 2009 жылы Хернингте Шалыгина үшінші сатыға жайғасты. 2010 жылы Мәскеуде Елена қайта күміс алды. 2011 жылы Ыстанбұлда Ешімова қола жүлдені еншіледі. 2012 жылы Альбертада Гюзель Манюрова күміс медальды мойнында жарқыратты. 2013 жылы Екатерина Ларионова үздік үштікті түйіндеді. Одан кейінгі екі жарыстан қоржынымыз бос қайтса, 2016 жылы Будапештте Айым Әбділдина үшінші орынға табан тіреді. 2017 жылы Парижде және 2018 жылы Будапештте сәтсіздікке ұшырасақ, 2019 жылы Нұр-Сұлтанда Валентина Исламова қола медальды иемденді. Былтыр Ослода шымылдығы түрілген дүбірлі додада Жәмиля Бақбергенова ақтық сынға дейін алқынбай жеткенімен, шешуші тұста Жапонияның жұлдызы Масако Фуруитиге жол берді. Нәтижесінде, қазақ қызы күміс жүлдені олжалады.

10 қыркүйекте Белградта шымылдығы түрілетін жарыста әр жылдары әлем чемпионатында жүлде алған үш спортшымыз өнер көрсетеді. Олар – Жұлдыз Ешімова (53 кило), Елена Шалыгина (65 кило) және Жәмила Бақбергенова

(72 кило). Солардың арасынан біз Жәмилаға айрықша сенім артып отырмыз. 26 жастағы қазақ қызы өзі қатысқан соңғы төрт Азия біріншілігінің барлығынан олжалы оралды. 2020 мен 2022 жылдары алтыннан алқа тақса, 2019 жылы қола және 2021 жылы күміс медальды мойнына ілді.

Ал өзге әйгілі қос балуанымыз жайында пәлендей болжам айтудың өзі қиын. Себебі екеуі де ардагерлер санатында. Мәселен, Елена Шалыгина әлем чемпионатында үш рет жеңіс тұғырына көтеріліп қана қоймай, бес бірдей құрлық біріншілігінен олжалы оралды (2 алтын, 2 күміс,1 қола). Азия ойындарының жеңімпазы атанып, Бейжің Олимпиадасында қола жүлдені иеленді. Бұл атақтардың барлығына ол 2007-2012 жылдар аралығында қол жеткізді. Содан кейін үлкен спорттан қол үзді. Бірақ Елена бауыры ыстық боз кілемді қимады. Араға 10 жыл салып, қайта сапқа тұрды. Нәтижесі жаман болған жоқ. 35 жастағы спортшы биыл ел чемпионатында топ жарып, Бакуде өткен Ислам ынтымақтастығы ойындарында алтын алды. Сол себепті де «Шалыгина шау тартып қалды» деп айта алмаймыз.

34 жастағы Жұлдыз Ешімованың жанкештілігіне тамсанбау мүмкін емес. Оның үлкен спортта жүргеніне 20 жылға жуықтап қалды. Сол аралықта Ешімова әлем чемпионаты мен Азия ойындарында жүлделі орындарды еншіледі. Азия біріншілігінде сегіз рет жеңіс тұғырынан қол бұлғады. Ол жүлделердің біреуі алтын, төртеуі күміс және үшеуі қола. Осыдан 10 жыл бұрын Жұлдыз Лондонда алауы тұтанған Олимпияда ойындарына да қатысты. Бірақ Тұманды Альбионда оның жолы болмады.

Жалпы Сербиядағы сайыста Жәмила Бақбергенованың сыңары – Мәдинаға да (72 кило) зор үміт артылып отыр. Оның да бір басына жетерлік атақ-даңқы бар. Биыл ол Ұланбатырда өткен Азия чемпионатында алдына жан салмады. Сондай-ақ алдағы дүбірлі додада Светлана Анкичева (50 кило), Марина Седнева (55 кило), Эмма Тисина (57 кило), Диана Қаюмова (59 кило), Аяулым Қасымова (62 кило) және Гүлмарал Еркебаева (76 кило) сынды балуандарымыз ел намысын қорғайды.

Әйелдер күресі тарихына үңілсек, күрестің бұл түрінде Жапонияның балуандары үстемдік құруда. 1993-2021 жылдар аралығында ұйымдастырылған әлем чемпионаттарында Күншығыс елінің қыздары 221 (77 алтын+23 күміс+21 қола) жүлде олжалады. Екінші сатыға АҚШ құрамасы жайғасты. Американдық арулар 77 (20+26+31) медальды иемденді. Үшінші орында – Қытай. Аспан асты елінің спортшылары 63 (18+17+28) жүлде еншіледі. Сондай-ақ ТОП-10 команданың қатарында Канада (11+11+23), Украина (9+7+19), Франция (8+11+7), Ресей (7+28+28), Болгария (7+4+9), Аустрия (5+1+1) және Швеция (4+9+14) құрамалары бар.

Материалдар «egemen.kz» сайтынан алынды

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ЕСКЕ АЛУ

БАУЫРЫМ ЖАЙЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Жақсы адамдар өмірден өткенде олардың жақсылықтары көз алдыңа тізбектеліп келе қалады. Осындайда еске түседі. Бүкіл өмірін осы қасиетті үш өзеннің бойында орналасқан Кемеращы, Еркін жерінде өткізді.

Көпбалалы отбасынан шыққан Амантай жастайынан еңбекке араласты. Алаасапыран соғыс кезінде ағамыз ерте өсіп, ерте қатайды. Айтқанынан қайтпайтын бірбеткейлігі ерекше еді. Сонысынан өзі талай сөз естіп, таяқ та жеді. Әбекеңнің алғырлығы ерекше болатын. Кезінде 7 кластық біліммен Талдықорғандағы Зооветтехникумға түсіп, үздік бітіріп еңбекке араласты. Адамның пейілі қандай болса, өмірі де сондай болады екен. Тек осы шын ниет нақты іске, қабілеттілікке жұмсалса, адамның алмайтын қамалы жоқ. Сол техникум қабырғасында оқып жүрген кезінде спорт саласында да көзге түсіп жүретін, әсіресе волейболдан қала құрамында ойнап, кейін облыс атынан жарыстарға қатысып жүрді. Әй, осы спортпен қалар ма екен деп ойлап жүруші едік. Алайда онда ұзақ тұрақтамады. Ауылға қайтты, себебі жүрегінің түкпірінде туған жеріне деген ыстық ықыласы, сағынышы тұрды. Өңірімді көркейтуге өз үлесімді қосайын деген іштей сезімі жеңіп, ауылда қалды. Мал шаруашылық саласында білгір маман ретінде өзін жанжақты көрсете білген Амантай бауырымыз сонау 1969 жылы Қазақстан бойынша алғашқы мал комплексінің басшысы болып тағайындалды. Оны сол кездегі басшы Д. Қонаев арнайы келіп ашқан болатын. Атамыздың қасиетінен бе екен, облыс көлемінде сиыр сауудан, ет өткізуден, мал бордақылаудан алдыңғы қатарға шығып еңбегі жанды. Совхоздың қай саласында істесе де, тасы өрге домалайтын керемет азамат болды. Егер оның бойында осындай жақсы қасиет болмаса бақ та, бақыт та қонбас еді. Қатарларының ішінде алғашқы үйленгені осы. Жары да өзіне сай. Жеңгеміз Нұрбибі қараторының әдемісі. Нағыз қазақтың келіні. Бауырымыздың мінезі қырсықтау болғанымен, Нұрби жеңгеміз тілін тауып, басу айта білетін. Көпбалалы отбасы атанып, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Олардан немерелі, шөберелі болып, бақытты отбасыға айналды.

Алайда тағдырдың маңдайға жазғанына амал жоқ. Жеңгемізге өмірлікжары Амантайының жоқтығы өте ауыр тиіп жүргенін көзімізбен көріп, қабырғамыз қайысады.

Міне, бір жылдың жүзі болды ұмытылмады, одан әрі де ұмытылмайды-ау. Зейнетке шыққаннан кейін ағамызды ардагерлер кеңесіне шақырып едік. Өтінішімізді қуана құп алып, қатарымызда біраз уақыт жүріп, көмегін аямай еңбек етті. Қазір орнының бостығы әбден білініп жүр. 78 жасында қайран бауыр мәңгілікке аттанып кете барды.

Бауырымның жатқан жері жайлы болып, пейіште нұры шалқи бергей. Иманы саламат болсын.

Тортай ҮЗБАСҚАНОВ,
Еркін ауылы ақсақалдар кеңесі төрағасы.

***

Өмірдегі ең қадірлі құрдасым,
Қашан болсын, биік еді бір басың.
Жарты ғасыр еңбек еттің Еркінге,
Соныменен биіктесің қымбатсың,
Мен қашанда өзіңменен мақтанам,
Өміріңді толық біліп тұрғасын.
Өзің жоқсың, өте шықты бір жылда,
Сағынышпен өтті күндер шынында.
Сағынып жүр сені барлық жолдасың,
Немере-шөбере, қыздарың мен ұлың да.
Жатқан жерің жұмақ болсын, ендеше,
Шапағатың тие берсін жұртыңа.

Арыстанбек,
Сағынышпен еске алған досы.

ДЕНСАУЛЫҚ

ІНЖІР: ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Қыркүйекте інжір маусымы басталады. Оның тәтті дәмінен бөлек ағзаға тигізер пайдасы да көп. Күзде інжірді рационға қосудың пайдасы қандай екенін білейік.

Ол түрлі дәрумендер мен микроэлементтерге бай. Егер інжірді кептірсе, бұл жемісте дәрумендер мен микроэлементтердің деңгейі көбейе түседі. Алайда бұл жағдайда жемістің калориясы мен қанты 5 есе артып кетеді, Сондықтан мамандар жаңа піскен түріне тоқталуға кеңес береді.

Інжір – ағзада көптеген процестердің дұрыс жүруіне қажетті мыстың нағыз көзі. Ол метаболизмді реттеуге, жаңа эритроциттер мен дәнекер тіндердің түзілуіне қажет.

Бұл тәтті жеміс В6 дәруменіне бай. Ол ағзаға ақуыздарды аминқышқылдарға бөлуге және олардан энергия алуға көмектеседі. Сондай-ақ жүйке жүйесінің саулығында маңызды рөл атқарады және қартаю процесін баяулатуға қабілетті.

Жастықты сақтауда інжірдің құрамындағы антиоксиданттар көмектесе алады. Олар ағза жасушаларын бос радикалдардың зақымдауынан қорғайды, әжім пайда болуының алдын алады.

Інжірді жүйелі түрде жеу жүрек-қан тамырлар жүйесі саулығына пайдалы. Көптеген зерттеулер бойынша інжір жегеннен, «жаман» холестерин деңгейінің төмендеуінің арасынан байланыс барын анықтаған. Тағы бір айта кетерлігі, бұл жеміс К дәруменіне бай, қан тамырлар қабырғаларын қатайтады және ұйыған қан түзілуінің алдын алады.

Тәтті жеміс жасұныққа бай болғандықтан, ол асқазан-ішек жолы саулығында да маңызды рөл атқарады. Ішектің жиырылуын жақсартады, ас қорытуды ынталандырады және кей асқазан жүйесі ауруларының алдын алады.

Ал зиянына тоқталатын болсақ, біріншіден, інжірде (әсіресе, кепкен түрінде) қант өте көп. Ал ол қандағы глюкозаның артып кетуін ынталандыруы мүмкін. Оны қант диабеті бар адамдарға жеу ұсынылмайды. Бір қызығы, шай қайнатуға қолданылатын інжір жапырақтары, керісінше, қандағы қантты бақылауда ұстауға арналған керемет құрал.

Екіншіден, інжір аллергиялық реакция беруі мүмкін. Егер оны бұрын жеп көрмеген болсаңыз, оның аздап дәмін көріп, ағзаңыз қалай әсер беретінін бақылаңыз.

massaget.kz сайтынан алынды.

ТӘМСІЛ

БІЛМЕЙТІНДЕР СЫН АЙТАДЫ

Қылқаламның шебері, танымал суретші бір шәкіртіне батасын беріп, еліне жіберерде оған соңғы тапсырмасын береді. «Салған суретіңді қаланың адам ең көп шоғырланған бөлігіне орналастыр, қасына қызыл қалам қойып, халықтан қате болған, дұрыс шықпаған жерлеріне «х» белгісін қоюын өтінген жазуы бар тақтайша іл», – дейді.

Шәкірт ұстазының айтқанын бұлжытпай орындап, бір күннен кейін қайтып келгенде, суретіні барлық жері қып-қызыл «х» белгісіне толы екендігін көреді. Көңіл-күйі түсіп, ұстазына келеді.

Ұстазы: «Еңсеңді түсірме балам, тағы бір сурет сал, оны да тағы сол баяғы жерге апарып орналастыр. Бірақ бұл жолы қасына түрлі-түсті бояу мен қылқалам қойып, адамдардан қате болған, дұрыс шықпаған жерлерін түзетуін өтінген жазу іл», – дейді. Шәкірт қайтадан айтылғандарды толықтай орындайды. Бір күннен кейін келгенде, суретке ешкім тимегенін көреді. Сурет баз-баяғы қалпында еді. Қуанышы ішіне сыймай, тездетіп ұстазына келеді. Ұстазы: «Алғашқыда адамдарға мін іздеуге мүмкіндік бергеніңде, аяусыз сынға ұшыраған едің. Өмірінде сурет салып көрмеген адамдар да қате тауып, суретіңді қаралап кетті. Келесі жолы олардан жасампаз болуды сұрадың. Ал жасампаз болу – шығармашылықты, тәлім алуды, үйренуді қажет етеді. Ешкім білмейтін нәрсесін жасауға бата алмады.

Саған айтарым, еңбегіңнің нәтижесін, әділ бағасын, не істегеніңді білмейтіндерден ала алмайсың. Жұмысыңды қадірін білмейтіндерге ұсынба және білмейтіндермен ешқашан сөз таластырма!» – деген екен.

bilim-all.kz сайтынан алынды.

СӨЗ ЖОҚ

Гауһар Ана көшесі

Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 871
Индекс 15534